

ISSN 1727-060X

2002 жылдың қазан айынан бастап екі айда бір рет шығады



ТҮРКОЛОГИЯ

TÜRKOLJİ

ТЮРКОЛОГИЯ

TURKOLOGY

№ 5 (55), 2011

Қыркүйек-қазан/eylül-ekim

Журнал халықаралық сараптамалық кеңес арқылы шығарылады.
Журнал выпускается при участии международного экспертного совета.
Bu dergi uluslararası hakemli bir dergidir.
This journal is printed by international expert council.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде
2005 жылғы 18-ақпанда тіркеліп, N5597-Ж кәуәлігі берілген.

Журнал 2003 жылдың мамыр айынан бастап, Париж қаласындағы халықаралық
ISSN орталығында тіркелген.
ISSN 1727-060

Bu dergi Paris'te bulunan Uluslararası ISSN Merkezi'ne Mayıs 2003'te kaydedilmiştir.
Kayıt No: ISSN 1727-060

Түркістан 2011



ҚҰРЫЛТАЙШЫ / УЧРЕДИТЕЛЬ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редакция алқасы / редакциялық коллегия

**Редакция алқасының төрағасы /
председатель редакционной коллегии**
Ташимов Лесбек Ташимұлы
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ президенті,
техника ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактор / главный редактор
Ергөбек Құлбек Сәрсенұлы
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ вице-президенті
филология ғылымдарының
докторы, профессор

**Бас редактор орынбасары /
Заместитель главного редактора**
Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы
Түркология ғылыми-зерттеу институтының
директоры философия ғылымдарының
докторы, профессор

Хората О. (редакция алқасының құрметті мүшесі); ф.ғ.д.,
проф. Ахматалиев А. (Бішкек); проф. С.Айвурал
(Түркістан); ф.ғ.д., проф. Бахадирова С. (Некіс); ф.ғ.д.,
проф. Бердібай Р. (Түркістан); ф.ғ.д., проф. Ыбыраев Ш.
(Астана); т.ғ.д., проф. Бутанаев В. (Абакан); ф.ғ.д.,
проф. Васильев Д. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Егоров Н.
(Чебоксары); ф.ғ.д., проф. Ергөбек Қ. (Түркістан); ф.ғ.д.,
проф. Илларионов В. (Якутск); ф.ғ.д., проф. Закиев М.
(Қазан); т.ғ.д., проф. Қызласов И. (Мәскеу); ф.ғ.д., проф.
Қайдар Ә. (Алматы); т.ғ.д., проф. Мадуан С. (Түркістан);
ф.ғ.д., проф. Махмеддин Н. (Алжир); ф.ғ.д., проф.
Миннегулов Х. (Қазан); ф.ғ.д., проф. Мұсаев К.
(Мәскеу); ф.ғ.д., проф. Мырзахметов М. (Алматы);
ф.ғ.д., проф. Нуреддин М. (Бейрут); ф.ғ.д., проф. Орус-
оол С. (Қызыл); ф.ғ.д., проф. Сарыбаев Ш. (Алматы);
ф.ғ.д., проф. Тұрал С. (Анкара); ф.ғ.д., проф. Тухлиев Б.
(Ташкент); ф.ғ.д., проф. Тыбыкова А. (Горно-Алтайск);
ф.ғ.д. Улаков М. (Нальчик); ф.ғ.д., проф. Черемисина М.
(Новосибирск); ф.ғ.д., проф. Хребитсек Л. (Прага); т.ғ.д.,
проф. Ювалы А. (Кайсері); ф.ғ.д., проф. Кунафин Г.С.
(Уфа); ф.ғ.д., проф. Шербак А. (Санкт-Петербург); ф.ғ.д.,
проф., ф.ғ.к. Әбжет Б. (жауапты редактор); Танауова Ж.
(жауапты хатшы).

SAHIBI / OWNER

Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi

Yayın Danışma Kurulu / Editorial Board

**Yayın Danışma Kurulu Başkanı /
Head of the Editorial Board**
Prof.Dr.Lesbek Taşimoglu Taşimov
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası
Kazak-Türk Üniversitesi Rektörü

Baş Editör / Editor-in-Chief
Prof.Dr.Kulbek Sarsenuli Ergöbek
Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası
Kazak-Türk Üniversitesi Rektör Yardımcısı

**Baş Editör Yardımcısı / The assistant to the
Editor-in-Chief**
Prof.Dr. Dosay Tursunbayulu Kenjetay
Türkoloji İlimi-Araştırma Enstitüsü Başkanı

Horata O. (Yayın Kurulu Üyesi); Prof.Dr. Ahmatallyev A.
(Bişkek); Prof.Dr. Aynural S. (Türkistan); Prof.Dr.
Bahadirova S. (Nökis); Berdibay R. (Türkistan); Prof.Dr.
Ş.Ibraev (Astana); Prof.Dr. Butanayev B. (Abakan); Prof.Dr.
Vasiliyev D. (Moskova); Prof.Dr. Veliyev K. (Bakü); Prof.Dr.
Egorov N. (Çeboksarı); Prof.Dr. Ergöbek K. (Türkistan);
Prof.Dr. İllariyonov V. (Yakutsk); Prof.Dr. Zakyev
M.(Kazan); Prof.Dr. Kızlasov İ. (Moskova); Prof.Dr. Kaydar
A. (Almati); Prof.Dr. Maduan S. (Türkistan); Prof.Dr.
Mahieddin N. (Aljir); Prof.Dr. Minnegulov H. (Kazan);
Prof.Dr. Musayev K. (Moskova); Prof.Dr. Mirzahmetov M.
(Almati); Prof.Dr. Nureddin M. (Beirut); Prof.Dr. Orus-ool
S. (Kızıl); Prof.Dr. Saribaev Ş. (Almati); Prof.Dr. Tural S.
(Ankara); Prof.Dr. Tuhliev B. (Taşkent); Prof.Dr. Tibikova
A. (Gorno-Altaysk); Prof.Dr. Ulakov M. (Nalçik);
Çeremisina M. (Novosibirsk); Prof.Dr. Hrebitsek L. (Praga);
Prof.Dr. Yuvalı A. (Kayseri); Prof.Dr. Kunafin G.S. (Ufa);
Prof.Dr. Şerbak A. (Sankt-Peterburg); Dr. Abjet B. (Genel
editör); Tanaouova J. (Genel sekreter).

Т.Н.ЕРМЕКОВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӘЛЕМДЕСУ ЭТИКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ
ТІЛДІК БІРЛІКТЕР

В статье рассматриваются языковые единицы, выражающие этикет приветствия (ЯЕЭП) в тюркских языках, как лингвокультурологический код с коммуникативно-прагматическим грузом, отражающие национальные познания и национально-культурное бытие разных этносов с точки зрения их мировоззрения. Сравнительный анализ ЯЕЭП в тюркских языках показывает, что общий культурологический констант определяет национальные образы картины мира.

Makalede Türk lehçelerinde kullanılan ve görgü ürinde selamlaşması ifade eden dil birimleri açıklamakta olup bu birimler çeşitli halkların milli ve kültür hayatını aksedilen iletişim ve sosyal ilişkilerinin anlamını içermektedir. Türk lehçelerinin mukayesesi gösteriyor ki ortak kültür değişmezi milli dünya görüşlerini belirlemektedir.

Қазіргі тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшу үрдісі "адам-тіл-мәдениет" және "адам-тіл-ойлау" үштігіне сүйенетін зерттеулердің жаңа бағыттарына жол ашты. Сондықтан да тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының біріне айналды. Содан болу керек, қазіргі зерттеулерде сырт қарағанда екі түрлі семиотикалық жүйеде танылатын тіл мен мәдениет бірін-бірі толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе ретінде қарастырылады. Тілді сол ұлттың мәдениетімен бірлікте қарастыру арқылы лингвистер тілтаным ғылымының шеңберінен шығып, ұлттаным деңгейіндегі құнды дүниелерге қол жеткізе бастады. Бір ұлттың мәдениеті оқырман мен тыңдарманға оның тілдік таңбалары арқылы баяндалады. Өйткені тіл – мәдениеттің қайнар көзі, тіл арқылы екінші ұлттың мәдениетінен хабардар боламыз. Тіл ұлт мәдениетіндегі негізгі ақпаратты сақтап, жинақтайды және оны таратады.

Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру – қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек тұлғалық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан жиі қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен бірге этикетті коммуникемдер, әсіресе сәлемдесу, қоштасуға байланысты коммуникемдер жатады. Себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады. Осымен байланысты қазіргі заманда мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі де алға шыға бастады. Бір халықпен екінші халықтың сәлемдесуіне байланысты коммуникемдерді зерттеу арқылы әр халықтың танымы, мәдениеті, тарихы, салт-дәстүрінен мәлімет алып қана қоймай, өз халқының артықшылықтарын да тани түсесін.

Әр халықтың сөз қолданысын салыстыру арқылы мәдениетаралық коммуникацияға бет бұру мәселесі кейінгі уақытта ғана қолға алына бастағандықтан, әлі де болса шешімін таппаған мәселелер баршылық. Осындай тың, қиын, өзекті мәселелердің бірі – сәлемдесу этикетіне қатысты коммуникемдерді кешенді түрде лингвомәдени және лингвокогнитивтік тұрғыдан салыстыра зерттеу.

Бір халық пен екінші халықтың қарым-қатынас жасау әрекеті сол халықтың коммуникативтік нормасын байқатады. Коммуникативтік норма – топтағы жиналған адамның қарым-қатынастағы салтының жиынтығы. Ғалымдар коммуникативтік тәртіптің үш түрін көрсетеді: ұлттық, топтық, жекелік. Қазіргі лингвистиканың, дәлірек айтсақ, мәдениетаралық коммуникация төңірегіндегі зерттеушілердің басты міндеті – коммуникативті халықтық мәдениеті тұрғысынан көріп, ғылыми көзқарас қалыптастыру.

Сәлемдесу этикеті әр халықтың қарым-қатынас жасаудағы ерекшелігі болып саналады. Сәлемдесу этикетіне байланысты қалыптасқан тілдік бірліктерді «коммуникемдер» терминімен атау ұсынылды. Бұл мәселе үндіеуропа тілдерінде жақсы зерттелгенімен, түркі тілдерінде бұған қатысты зерттеу тапшы. Зерттеуші Ж. Ибраимова қазақ тіліндегі коммуникемдерді 9 топқа бөліп қарастырады [1]. Зерттеушінің осы саладағы алғашқы сәтті қадамын құптай отырып, аталған коммуникемдерді 3 топқа топтастырып қарауға болады деп ойлаймыз:

1. Этикетті коммуникемдер;
2. Эмоционалды-бағалау коммуникемдері;
3. Мәтін түзуші коммуникемдер.

Зерттеуші көрсеткен коммуникемдердің өзге түрлерін осы аталған үш топтың аясында қарастыруға болады. Сөйлеу этикеті – халық мәдениетінің қажетті элементі. Сөйлеу этикеті мәдениеттің құрылымды бөлігі болып табылады. Сөйлеу мәдениетінің айтылуында әр дәуірдің әлеуметтік қатынастары жинақталған. Ұлттық мәдениеттің элементі ретінде сөйлеу этикеті ұлттық өзгешелігімен ерекшеленеді. Айталық қытайлықтардың

«тамақтанып үлгердіңіз бе?» деп амандасуы бұл халықтың ерте тұрып тамақтануы, іле-шала еңбекке араласуымен байланысты туындаса, моңғол халықтарында сәлемдесудің өзгешелігі мезгілге байланысты. Бұл олардың көшпелі өмір салтымен, негізгі кәсібі мал шаруашылығымен байланысты болса, екінші жағынан, өздерін табиғаттың бір бөлшегі санайтын моңғолдықтар үшін жыл мезгілдерінің де маңызы зор. Сондықтан да бұл халық амандасып, хал-жағдай сұрасуда жыл мезгілдерін қалай өткізіп жатқанын сұрайды: «Мал семіз бе?», күзде: «Күз жақсы өтіп жатыр ма?», көктемде: «Көктемді сәтті қарсы алдыңыз ба?», ал қыста: «Қалай қыстап жатырсыз?» деп амандасса, ал жалпы сәлемдесу малшылардың көшпелі өміріне қатысты: «Қалай көштіңіз?», «Малыңыз қалай?» т.б.

Түркі халықтарының сәлемдесуіне байланысты қалыптасқан тілдік бірліктерді функционалдық сипатына қарай: төл коммуникемдер және кірме коммуникемдер; дербес тілдік және ортақ коммуникемдер деп бөліп қарастыруға болады. Сондай-ақ бұл коммуникемдер сәлемдесу жағдайына (ресми, бейресми), тұрмыс салтына (қонақпен, жолаушымен, егіншімен амандасу) және жас мөлшеріне (кішімен, үлкенмен, құрдаспен амандасу) қарай ажыратылады. Айталық якут тіліндегі *неруен-нергуй коммуникемі* якут тілі үшін төл коммуникем, әрі осы халыққа ғана тән болғандықтан, дербес тілдік коммуникем, *дорообо коммуникемі* – кірме коммуникем.

Мұсылман дініндегі түркі халықтары үшін ортақ сәлемдесу формасы: "Ассалаумағалейкум! (*Сізге тыныштық, амандық тілеймін!*), оған жауап ретіндегі *Уағалайкүмиссәлем!* (*Өзіңізге де соны тілеймін*). Бұл мұсылман дінінің басты ұстанымы – бейбітшілік пен тыныштықты қалауынан туындағанын және оның осы дінді ұстанатын халық арасында тараған мәдени кодқа айналғандығын көрсетеді. Бірақ осы амандасу формуласының өзі әр халықта әр түрлі қолданылады. Мысалы, қазақ, ұйғыр, өзбек, қырғыз халықтарында бұл, негізінен, қол алысу арқылы және ер адамдар арасында қолданылса, татарлар мен башқұрттарда қол алысусыз жүретін амандасу формасына жатады. Бұл амандасу әйелдер арасында қолданылатын халықтар да бар. Ресми жағдайда татар мен башқұрт халықтары *«Исэнмесез!»*, *«Хэерлэ кич!»*, *«Хэерлэ иртэ!»* коммуникемдерін қолданады. Бұл сәлемдесу формуласы қазақ, қырғыздағы *«Сәлеметсіз бе!»*, *«Қайырлы таң!»*, *«Қайырлы күн!»*, *«Қайырлы кеш!»* сияқты коммуникацияға түсушілер арасында белгілі бір этикеттік қашықтық (дистанция) жағдайында және қол алысусыз жүргізіледі. Ал осы сәлемдесулер, сондай-ақ *«Нихэл?»*, *«Саумысыз?»* формулалары жақын адамдардың арасында қол алысу арқылы жүреді. (www0.disput.az/index.php?showtopic=140952)

Чуваш тіліндегі этикетті сәлемдесуді зерттеуші В.А.Кузнецов амандасудың акционалды (әрекеттер: қол алысу, бас киімін шешу, қолын кеудесіне қою, құшақтасу т.т.), кинетикалық (ишарат), мимикалық (күлімсіреу, қасын көтеру т.т.), интонацияны құбылту сияқты әр түрлі бейвербалды амалдармен қабат жүретінін көрсетеді [2].

Қарашай-балқар тіліндегі сәлемдесуді француз, орыс тілдерімен салыстыра зерттеген Ф.А. Тамбиева бұл тілде сәлемдесудің үш түрі болатынын көрсетеді: 1) ерлер арасында, 2) еркек пен әйел арасында және 3) әйелдер арасында [3].

Эрттен ахишы болсун! Кюн ахишы болсун! Танг ахишы болсун! (Таң жақсы болсын!) Таң жақсы болсын! коммуникемінің қолданылуын осы тілдегі сәлемдесу формасын ағылшын, орыс тілдерімен салыстыра қарастырған А.Чаушев қарашай халқының ерте тұрып, еңбекке араласуымен түсіндіреді және бұл сәлемдесудің тек әйелдерге арналатынын, ал әйелдер оған «Ахшылықк кёр!» формасымен жауап беретінін айтады. Зерттеуші сондай-ақ жасы мен әлеуметтік жағдайына байланысыз жиі қолданылатын «Салам!» коммуникемін қарашай-балқарлар күніне неше рет кездесе, сонша рет айтатыны туралы қызықты мәлімет келтіреді. Бұл аталған этностың қарым-қатынастағы ынтымағын, бір-біріне жақсы тілегін аямайтындығын көрсетеді [4].

Чуваш тіліндегі Ыра кун! (Қайырлы күн!), Ыра кас! (Қайырлы кеш!), Ыра сунса кётетпёр! (Қош келдіңіз!) Силам! (Сәлем!) Ыра кун пултар! (Қайырлы күн болсын!) коммуникемдері мен якут тіліндегі : Утуе сарсыарда! (Қайырлы таң!) Утуе кун! (Қайырлы күн!) Утуе кизьэ! (Қайырлы кеш!) коммуникемдері алғашқы компоненттері. Амандасудың бұл түрі радио мен теледидар дикторларының тілінде жиі қолданылатынын айтады. Ал сахалардың нағыз амандасу үлгілері *неруен-нергуй, эдэрдэ* қазіргі кезде қолданыстан мүлде шығып бара жатқанын көрсетеді. Бұл тілде қазір қолданылатын *кэпсиэ* сөзі *баяндаңыз, сөйлеңіз* мәніндегі императивті тілекті білдіреді (түбірі кеп - сөз, сөйлеу, салыстырыңыз: өзбек: гап, ұйғыр: гәп). Ал экстралингвистикалық фактордың әсерінен, орыс халқымен үнемі байланыста болу нәтижесінде қалыптасқан *Дорообо* (орыс тіліндегі *здорово* сөзінен алынған) коммуникемі де қазіргі сахалар тілінде кездеседі. Қазіргі түркі тілдерінде жиі қолданылатын сәлемдесу коммуникемдері ретінде төмендегілерді атауға болады:

Башқұрт: *Хэйерле кен! Хэйерле иртэ! Хэйерле кис!*

Татар: *Исэнмесез! Хэерлэ кич! Хэерлэ иртэ!*

Гагауз: *Gun aydin!*

Қырғыз: *Salaammatszbe!*

Түрік: *Merhaba! Gun aydin!*

Өзбек: *Salaam aleikhem!*

Жалпы түркі тілдерінде ортақ, бірақ фонетикалық ерекшеліктері бар сәлемдесу коммуникемдері: *Ассаламағалейкум! Сәлем! Қайырлы күн! Қайырлы таң! Қайырлы кеш!*

Ал *Сәлеметсіз бе! Мерхаба* (қазақ тіліндегі мәні: мархабат)! араб тілінен енген. Бұл жерде *Сәлеметсіз бе! Сәлем!* коммуникемдері *Ассаламағалейкум!* коммуникемінің ықшамдалуы нәтижесінде қалыптасқан. Бұл коммуникемдер бұрынғы қазақтың амандасып жөн сұрасуында жиі қолданылған, негізгі

Т.Н.Ермекова. Түркі тілдеріндегі сәлемдесу этикетіне қатысты...

тіршілігі малмен байланысты болған халқымызға тән «Мал-жан аман ба!» қолданысын ығыстырып келеді.

«Сөз атасы – сәлем» дейтін халқымыздың сәлемдесу сөздерін қолданудың, жұмсаудың өзіндік қалыптасқан жүйесі бар. Жалпы, қазақ сөйлеу этикетіне тән сәлемдесу коммуникемдері де өзге түркі халықтарындағы секілді қарым-қатынас типтеріне қарай ажыратылды:

Сәлемдесу типтері	Қарым-қатынас типтері	Қосымша ақпараттар
Сәлеметсіз бе? Сәлемет пе? Сәлеметсіздер ме?	Үлкен мен кіші, ресми қарым-қатынас	Ізет көрсету
- Амансыз ба? - Ат-көлік аман ба? -Мал-жан аман ба?	Үлкендер, ауыл адамдары	Жағдай сұрасу
Ассалаумағалейкум/ Уағалейкумассалам! (Салаумалейкум/ Әліксалам!) –	жасы кіші жасы үлкенге, бейресми, ер адамдар	Құрметтеу нышанын байқату
-Салаумалейкум// Әліксалам)	жас шамасы қатар, бейресми, ер адамдар	Амандасу
Сәлем!	Қатар құрбылар, бейресми	Амандасу

Сонымен сәлемдесу сөздері қалыпты қарым-қатынасқа, уақыт ыңғайына, адресат пен адресанттың жынысына, жасына, олардың қалалық немесе ауылдық жерде тұруына т.б. байланысты.

Қорыта келгенде, түркі тілдеріндегі сәлемдесу коммуникемдері әмбебап сипатымен ерекшеленеді. Сәлемдесу коммуникемдері социумдардың барлық қабаттарында қолданыла отырып, адамдар арасындағы иерархиялық қатынасты білдіруде маңызды роль атқарады. Бұл иерархия үлкен мен кішінің, қатар-құрбының арасындағы коммуникативтік этикет пен гендерлік сипаты арқылы ажыратылады. Әр түрлі коммуникативтік мәдениет өкілдері болғанымен, түркі халықтарының сәлемдесу этикетінде ортақ жайттар көп. Сәлемдесуде қолданылатын ортақ тілдік бірліктермен бірге айырмашылықтардың да болуы дүниенің тілдік бейнесінің этнос танымындағы спецификалық ерекшеліктерін көрсетеді, әрі бұл бірліктер тұлғааралық коммуникациядағы доминант ретінде танылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ибраимова Ж. Қазақ тіліндегі мүшеленбейтін сөйлемдер. Қарағанды, 2008.
2. Кузнецов А. В. Вербальные средства этикетного общения в чувашском языке (Опыт компаративного, контрастивного и этнолингвокультурологического изучения): Дис. ... канд. филол. наук. 10.02.20. Чебоксары, 2004, 201 с. РГБ ОД, 61:04-10/989.

3. Тамбиева Ф.А. Приветствие как коммуникативная ситуация во французском, русском и карачаево-балкарском языках. Пятигорск, 2004.
4. Чаушев А. Этноспецифика форм приветствия в карачаево-балкарской, русской и английской коммуникативных культурах. Волгоград, 2008.

REZUME

T.NERMEKOVA (Almaty)
LANGUAGE UNITS EXPRESSING GREETING ETIQUETTE IN TURKIC
LANGUAGES

The article deals with the language units expressing greeting etiquette in Turkic languages, as lingua-cultural code with communicatively-pragmatical the cargo, reflecting national knowledge and national-cultural life of different ethnoses from the point of world outlook. Comparative analysis of the language units expressing greeting etiquette in Turkic languages shows that the general culturological constants defines national images of a picture of the world.

М.С.ЖОЛШАЕВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ АСПЕКТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

В статье рассматривается одна из актуальных проблем тюркской аспектологии категориальный статус категории характера протекания действия в казахском языке. Категория аспектуальности в этом плане интересна прежде всего, своей сложностью как в семантическом плане, так и в формально-функциональном плане. К этому следует добавить, что, несмотря на значительное количество исследований по казахскому глаголу, статус категории характера протекания действия еще не получил однозначного толкования. Преобладание аналитических форм выражения аспектуальности, в которых участие принимает большое количество разнообразных по семантике вспомогательных глаголов (при этом до сих пор не выявлено, какие вспомогательные глаголы с какими семантическими группами основных глаголов сочетаются и какие типы аспектуальной семантики при этом формируются) – все это определило актуальность и выбор данной категории в качестве объекта.

Makalede Kazak dilindeki hareket sürecinin dil kategorileri incelenmekte olup bu kategorilerin anlam, fonksiyon ve şekilleri söz konusudur. Kazakça fiiliyle ilgili çalışmalarda halen hareket süreci iyice yorumlanmamıştır. Bu yüzden yapılan araştırmamızda bu konu açıklanmıştır.

Бүгінгі түркологиядағы лингвистикалық зерттеулер ғылыми парадигманың үшінші сатысы деңгейінде жүргізілуде. Бұл тілді тек қарым-қатынас құралы ғана емес, қоғамдағы саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, тарихи өзгерістердің куәсі және сол ақпараттарды бойында сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің құрал немесе дереккөз ретінде танумен байланысты болса керек. Дегенмен, ұлттық тілдің табиғатын және құрылымдық жүйесін дұрыс әрі толық тану үшін таза тілдік зерттеулердің қажеттігі талас тудырмайды.

Түркітанымдағы өзекті саналатындардың бірі - аспектологиялық бағыттағы мәселелер. Қай тілде болмасын, оның ішінде түркі тілдерінде, қазақ тілінде де аспектуалды семантика коммуникативтік процесте маңызды рөл атқарады. Өйткені коммуникацияда қолданыс жиілігі жағынан да, қолданыстағы белсенділік сипаты жағынан да бірінші кезекте етістіктер тұрады. Түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тілінде де етістіктің аспектуалды семантикасын жасайтын негізгі тілдік құрылымдарға етістіктің аналитикалық формалары жатады. Оның тұрпаты мен мазмұны тілде қимылдың өту сипаты категориясы арқылы көрінеді. Қимылдың өту сипатына қатысты өзекті мәселе ретінде екі нәрсені атап өтуге болады: *біріншісі* - мұның (қимылдың өту сипаты) тілдік категориялар жүйесіндегі орны мен тілдік категориялық статусы қандай

болу керек; *екіншісі* - етістіктің аналитикалық формасы арқылы берілетін аспектуалды семантиканың түзілу механизмдері қандай деген мәселе. Бұл екі мәселенің де туындауы түркі тілдеріндегі етістік сөз табының грамматикалық сипатының күрделілігімен байланысты болып келеді. Біз мақала көлемінде түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясының категориялық мәртебесіне тоқталамыз. Әрбір ғылым белгілі бір тәсілмен ұйымдасқан ортақ қасиетке ие ұғымдар жиынтығы – категорияларға негізделеді. Лингвистикада тілдік жүйе элементтері ортақ қасиеттері мен белгілері негізінде өзара топтасып, категория құрайды. Сөйтіп, жалшы ерекшеліктері негізінде бірігетін тілдік элементтердің кез келген тобы категория деп түсіндіріледі. Тіл элементтері бір-бірімен байланысып жатқан және өзара қарым-қатынаста болатын иерархия құрайтын күрделі жүйе түзеді десек, кез келген жүйенің құрылымы болатыны белгілі. Жүйелі-құрылымдық нәрсенің ішкі жіктелісі жүйе элементтерінің өзара байланысы, олардың бір-біріне қатысы т.б. тұрғысынан айқындалады. Сол себепті тілдік бірліктердің топтарға, категорияларға жіктелу негіздемесі әр түрлі болып келеді. Болмыстың концептуалды бейнесі тілде түрлі жүйеден көрінеді: мәселен, пынайы құбылыстардың сөз атауларында көрінуі; белгілі бір жүйеге түскен формалар арқылы берілуі және т.т.. Соңғысы грамматикалық категорияларға қатысты. Грамматикалық категория және олардың типологиясына қатысты мәселелер зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бұл орайда С.Д.Кацнельсон, И.И.Мещанинов, В.Г.Адмони, В.Н.Ярцева, А.В.Бондарко, С.Исаев, Ы.Маманов және т.б. еңбектерін атап өтуге болады. Грамматикалық категория термині тар мағынада морфологиялық категория деген ұғымда қолданса, ал кең мағынада грамматикалық категория морфологиялық және синтаксистік категорияларға ажыратылады.

Қимылдың өту сипаты – белгілі бір уақыт ішіндегі іс-әрекеттің жасалу ерекшеліктері мен оның басталу, жасалу үстіндегі, аяқталу сипатын қамтитын категория. Аталған категорияны теориялық тұрғыдан негіздеген қазақ тіл білімінде және жалпы түркітанымда Н.Оралбаева болатын. Қимылдың өту сипаты категориясының мазмұны, негізінен, жетекші етістік пен көмекші етістіктің тіркесі арқылы аналитикалық тәсілмен беріледі. Қимылдың өту сипатының семантикалық типтерін анықтауда аналитикалық форманттардың мағыналарына ғана емес, олар тіркесетін етістіктің лексикалық мағынасына, оның қандай лексика-семантикалық топқа жататындығына, оның тұлғасына көңіл аудару қажет. Соның негізінде қимылдың жасалуындағы түрлі мағыналық реңктерді толық айқындауға болады. Бұл – жетекші етістік пен көмекші етістіктің бір-бірімен семантикалық және синтаксистік жағынан үйлесімді байланысуын, валенттілігін қарастыру деген сөз. Аналитикалық тәсіл қазақ тілінде қимылдың түрлі реңктерін беруде ерекше орын алады. Бұл сипатына қарай

Б.Қапалбеков оны синтаксистік категория деп біледі [1, 61]. Осымен байланысты бұл тұста туындайтын мәселе – аталған категорияның тілдік мәртебесін айқындау қажеттігі. Өйткені қазақ тілінде, түркітанымда қимылдың өту сипаты категориясы әр қилы танылып жүр:

1) грамматикалық категория (А.Бісқақов; Н.Оралбаева). Мұнда грамматика термині тар ұғымда қолданылып, морфологиялық категория деген ұғымды береді ;

2) семантика-синтаксистік категория (М.Б.Балақаев). Ғалым түркі тілдеріндегі грамматикалық вид категориясына қатысты үлкен жиында сөйлеген сөзінде қазақ тіліндегі етістіктердің әр түрлі сипаты морфологиялық емес, семантика-синтаксистік сипатқа ие болғандықтан оны жай сөйлем синтаксисінде қарастыру туралы ұсыныс айтқан болатын;

3) семантикалық категория (В.Н.Насилов). Оның түсіндіруінде бұл категория біріншіден, қимылды не қалыпты білдіруде етістіктің сапалық-сандық сипатын көрсететін семантикалық категория; екіншіден, қимылдың дамуы мен жасалуының кеңістік бойындағы емес, уақыт бойындағы өту сипаты болып табылады;

4) синтаксистік категория (Б.Қапалбеков). Оның мұндай тұжырым жасауына қимылдың өту сипаты категориясының қазақ тілінде морфология деңгейінде жүйеге түскен түрлену парадигмасының болмауы негіз болған. Сондықтан сөздердің тіркесімі (аналитикалық формалар) арқылы берілетін бұл категорияны ол синтаксистік категория деп таниды. Біздің бұл топтамадағы грамматикалық категория дегенге қатысты айтарымыз, қазақ тілінде қимылдың өту сипаты грамматикалық категорияларға қойылатын талаптарға жауап бере алмайды.

Біз қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясын – лексика-грамматикалық категория деп танимыз. Лексика-семантикалық категория лексикалық мағынаға негізделсе, ал грамматикалық категория сәйкесінше грамматикалық мағынаға негізделеді. М.Д.Насилов лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның өзара тіркесімі қарашайым механикалық процесс ретінде бағаланбауы тиіс, өйткені ол әрбір морфемаға бекітілген ақпараттармен байланысты екендігін айта келе, «бұл процесте негіздің мағынасын, морфологиялық көрсеткіштің мағынасын, сондай-ақ, екі мағынаның өзара әрекеттестігінен туындайтын нәтижені, яғни түбірдегі нақтылық (лексикалық мағына) пен аффикстегі жалпыдан (грамматикалық мағына) пайда болған синтезделген *жаңа бүтіннің* мағыналарын білу қажет. Әрине, мұның артында коммуникативтік салада күрделі тілдік таңба түрінде көрінетін ойлаудың белсенді танымдық-интерпретациялық қызметі тұр», – деп жазады [2, 47].

С.Исаев грамматикалық категорияны екіге бөліп қарайды: лексика-грамматикалық категория және таза грамматикалық категория [3, 64]. Таза грамматикалық категория деп отырғаны – морфологиялық

категория. Ғалым мұнда түбір семантикасын өзгертпей, оған ешқандай қосымша мағына үстемей, таза грамматикалық мән немесе мағына үстейтін шартты негіз етіп алады. Ал лексика-грамматикалық категорияларда жалғанған қосымша түбірдің лексикалық мағынасына өзгеріс енгізеді. Сөйтіп, лексика-семантикалық және грамматикалық сипаттарына қарай олар таза грамматикалық категориялардан ерекшеленеді. Автор екінші топтағы категориялардың қатарына етістіктің етіс формаларын, болымсыз етістікті, салттылық/сабақтылық категориясын және күшейтпелі етістік тұлғаларын немесе көріністі жатқызады. Бұл тұста автордың күшейтпелі етістік немесе көрініс деп отырғаны, біздіңше, қимылдың өту сипаты категориясына қатысы бар сияқты. Алайда еңбекте қимылдың өту сипаты термині қолданылмайды және бұл категория туралы ешқандай мәлімет берілмейді.

Лексика-грамматикалық категория ерекшеліктері грамматикалық категориямен салыстырғанда айқын байқалады және сол негізде оның өзіндік белгілерін көрсетуге болады. Мәселен, етістіктің болымдылық тұлғасы мен болымсыздық тұлғасының мағынасын бір дей алмаймыз: *бар* – *барма*; *айт* – *айтпа*. Мұнда болымсыздық қосымшасы *-ма/-ме* (*-ба/-бе*, *-па/-пе*) жалғанған сөздің лексикалық мағынасына болымсыздық мәнін үстеп тұр. Сонда лексика-грамматикалық категорияда грамматикалық категорияға қарағанда лексикалық мағына басымдық сипат алады. Басқалай айтқанда, грамматикалық категорияда грамматикалық мағына жасайтын форма түбір мағынасына ешқандай өзгеріс, ешқандай мән қоса алмайды, тек қана грамматикалық мағына үстейді. С.Исаев лексика-грамматикалық категория деп танудың негізгі белгілеріне оның тұлғалық сипатын да қосады. Бұл орайда лексика-грамматикалық категорияның көрсеткіші болып табылатын тұлғаның екінші жақ бұйрық раймен тұлғасы жағынан сәйкес келетіндігін және тікелей жіктелмеуін негізге алады. Жоғарыдағы болымды/болымсыз етістік тұлғаларына келсек, *бар* – *барма*; *айт* – *айтпа* сөздері бұйрық райдың екінші жағына тұлғасы жағынан сай келеді. Ал енді оларды жіктік жалғауларымен түрлендірсек, тікелей түрленбейді, *бар* – *барма + мын (+сың)*; *айт + мын (+сың)* – *айтпа + мын (+сың)* тұлғасында ешүақытта айтылмайды. Бұл олардың «түбір» қалпында сөйлеуде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсе алмайтындығын көрсетеді. Сонымен, лексика-грамматикалық категорияның мынадай ерекшеліктерін көрсетуге болады: 1) мазмұн тұрғысынан келгенде лексика-грамматикалық категория көрсеткіштері жалғанған сөздің лексикалық мағынасына сәл де болса семантикалық өзгеріс енгізеді; 2) тұлғалық жағынан келгенде, лексика-грамматикалық категория көрсеткіші жалғанған сөздің түбірі: *біріншіден*, тұлғасы жағынан бұйрық райдың екінші жағымен сай келеді; *екіншіден*, тікелей жіктік жалғауын қабылдап, түрленбейді.

Қазақ тіліндегі морфология деңгейінде қарастырылып жүрген кейбір грамматикалық категориялар (тар мағынада) жоғарыда аталған талаптарға толық сай келе бермейді. Мәселен, категорияларға жіктеуде ұстанатын таза формальді белгілер тұрғысынан келгенде қазақ тіліндегі қимылдың өту сипаты категориясы осыған дәлел бола алады. Өйткені: *біріншіден*, бұл категорияның негізгі көрсеткіштері саналатын аналитикалық форманттар барлық етістіктерге жалғанып, абстракция жасай алмайды. Бұл – олардың грамматикалық (морфологиялық) категорияға қойылатын талаптар деңгейінен пыға алмайтындығына дәлел. Егер аналитикалық форманттар қимылдың өту сипаты грамматикалық категориясының грамматикалық көрсеткіштері болса, онда тілдегі барлық етістіктерге жалғанып, олардың түрлену жүйесі ретінде қаралуы керек. Мысалы, етістіктерді *-II жібер* формантын түрлендіріп қарайық: амал-әрекет етістіктеріне (*ішін жібер, жасап жібер*) жалғанып, тез жасалған қимылды білдірсе, қозғалу етістіктерімен (*келіп жібер, ұшып жібер*), қарым-қатынас етістіктерімен (*қоштасып жібер, сәлемдесіп жібер*), сезіну етістіктерімен (*пайымдап жібер, сезіп жібер*), ойлау етістіктерімен (*ойлап жібер*), эмоционалды етістіктермен (*қуанып жібер, қайғырып жібер*) және қалып етістіктерімен т.б. түрленіп айтылмайды. Яғни талғап жалғанады. Бұл тұрғыдан келгенде, талғампаздық қасиетімен ерекшеленетін сөзжасамдық қосымшаларға ұқсас келеді. Бұл грамматикалық категория көрсеткіштерімен салыстырғанда айқындала түседі. Мәселен жоғарыдағы етістіктерді грамматикалық шақ категориясының өткен шақ көрсеткіштерімен түрлендіріп көрейік: *ішті – ішін жіберді; жасады – жасап жіберді; келді; барды; ұшты; сәлемдесті; мәз болды; қайғырды*. Жалпы қимылдың түрлі жасалу тәсілдерін білдіретін көрсеткіштердің етістіктердің белгілі бір тобына ғана талғап жалғану жайын Н.Оралбаева олардың (бұл категория көрсеткіштерінің) өзіндік ерекшелігі деп көрсетеді және бұл ерекшелікті етістіктердің семантикасымен байланыстырады. *Екіншіден*, аналитикалық форманттар өзара оппозиция құрамайды. *Үшіншіден*, аналитикалық форманттардың мағына реңктерін берудегі мүмкіндігі орасан зор. Жалпы мағынаның мағыналық реңктері сөйлеу мақсатында туындайды. Мұндай сөйлеуде көрінетін мағыналық реңктерді беруге аналитикалық тәсіл өте икемді келеді. Көмекші етістіктер негізгі етістіктерге тіркескенде жетекші етістіктің лексикалық мағынасына сәл де болса өзгеріс енгізеді, оған семантикалық реңк жамайды. Ол семантикалық реңкті аналитикалық формалы етістік мағынасын жетекші етістіктің лексикалық мағынасымен тең дәрежеде алып қарауға болмайды. Мысалы: *оқы* етістігі белгілі бір таңбамен таңбаланған жазуды көру және соның нәтижесінде дыбыстау мүшелері арқылы ондағы ақпаратты жеткізетін амал-әрекет етістігі болып табылады. Осы етістікке *-II шық, -II ал, -II бер* аналитикалық форманттарымен түрлендіру нәтижесіндегі *оқып шық, оқып ал, оқып бер* етістіктерінің мағынасы бір-бірінен ерекшеленеді, бірінде бар

семантикалық реңк екінші етістік бойында жоқ. Мысалы: *Мен газетке жарияланған «Шәкеннің қылмыстары» дегенді түгел оқып шықтым* (Қ.Жұмаділов); *Жарғы бетке толар-толмас хатты мен оған үш қайтара оқып бердім* (Д.Исабеков); *Қажетті материалдарды осы кітаптан оқып аласың* (Б.Сатыбалдыұлы) деген сөйленімдерде бір ғана оқу әрекетіне қатысты мағыналық жағынан бірін-бірі қайталамайтын үш түрлі қимыл қамтылған. Егер *-п шық* аналитикалық форманты оқу әрекетінің бастау аяқ орындалғандығын, аяқталғандығын білдірсе, *-п бер* аналитикалық форманты оқу әрекетінің бөгде біреу арқылы екінші адамға қарата іске асырылғандығы мағынасымен қоса, амал-әрекеттің аяқталғандығын да білдіреді. Бұл аналитикалық формант арқылы берілетін іс-әрекеттің біреу арқылы жүзеге асу мағынасы *-п шық* формантының бойында жоқ. Ал *-п ал* аналитикалық форманты іс-әрекетті субъектінің өзінің орындай алу мүмкіндігі мағынасын білдіруі арқылы оқу әрекетін субъектінің өзі жүзеге асыратындығын көрсетіп тұр. Сонымен, *оқы* етістігі арқылы берілетін қимыл семантикасы мен *оқып шық, оқып бер, оқып ал* етістіктері семантикасында өзіндік айырмашылықтар бар. Соңғы жағдайда оқу әрекеті түрлі қосымша семантикалық реңктермен қабат келген. Грамматикалық көрсеткіштер жалғанған етістіктің лексикалық мағынасына ешқандай әсер етпейді, тек грамматикалық мағына ғана үстейді. Мысалы, *оқы* етістігін грамматикалық шақ көрсеткіштерімен түрлендірсек, өткен шақ: *оқыды*; осы шақ: *оқып жатыр*, келер шақ: *оқиды* дегенде етістік тек грамматикалық мән ғана иеленген. Яғни оқу әрекетіне сөйлеу сәтіне қатысты орындалу мерзімі мағынасы қосылған. **Төртіншіден**, лексика-грамматикалық категорияның көрсеткіші жалғанған етістік тұлғасы тікелей жіктік жалғауын қабылдамайды. Олар етістіктің шақ, рай көрсеткіштерін қабылдап барып қана жіктеледі. Бұл тұжырымды қазақ тіліндегі аналитикалық форманттар мәселесін арнайы зерттеген ғалым Н.Оралбаеваның мына пікірі негіздей түседі: «қимылдың өту сипатының форманттары жіктік жалғауының толық және қысқа түрлерімен ешқандай тікелей тіркеспейді, олардың арасында рай көрсеткіштері тұрады» [4, 126]. **Бесінші** ерекшелік лексика-грамматикалық категория көрсеткіштерінің етістік түбіріне қосылу тәртібі немесе орнына қатысты болып келеді.

Сонымен, қорыта айтқанда, категорияларға жіктеуде ұстанатын таза формалды белгілер тұрғысынан қимылдың өту сипаты таза грамматикалық (морфологиялық) категорияларға қойылатын талаптар деңгейінен шыға бермейтіндіктен, оның тілдік категориялық мәртебесі көрсеткіштерінің семантикалық ерекшелігі, тұлғалық сипаты мен түрлену жүйесіне қарай айқындалуы керек. Бұл категория көрсеткіштерінің мағынасы грамматикалық мәнге қатысты шеңберден асып кетпейтін және сөзжасамдық деңгейге ене алмайтын ерекшелігіне байланысты «аралық құбылыс» деп танылып, қимылдың өту сипаты лексика-грамматикалық

категория ретінде қаралады; аналитикалық форманттар арқылы берілетін аспектуалды семантика түрлері олардың жалаң өзіне қатысты емес, тіркесетін жетекші етістіктің лексикалық мағынасы мен формасын есепке ала отырып айқындалуы тиіс. Бұл аналитикалық формалы етістіктерге семантикалық талдау жүргізуде екі компоненттің семантикасы мен тұлғасын кешенді түрде тұтастықта алып қарастыруға, олар беретін семантиканың толық көрінуіне жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қапалбеков Б. Грамматикалық және семантикалық категориялардың тілдегі көрінісі // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы 1 (143). – Алматы: Ғылым, 2004. – №1. – 59-62 бб.
2. Насилов Д.М. Проблемы тюркской аспектологии. Акциональность. – Л.: Наука, 1989. – 208 с.
3. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 305 б.
4. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.

REZUME

M. ZHOLSHAEVA (Almaty) PROBLEMS OF ASPECT IN TURKIC LANGUAGES

The category of action of the verb in the Kazakh language does not fully meet the requirements of the pure grammatical (morphological) categories. The status of this category must be defined as a lexical-grammatical one as it depends on the peculiarities and grammatical forms of all components, and the system of transformation of its indices. The category of aspect is of great interest first of all, by its complexity both in semantic as well as formal-functional fields. We can add that despite the considerable amount of research on the Kazakh verb, the status of the category, which shows the action, has not yet been mono-semantically interpreted.

Г.А.НУРУМБЕТОВА
Р.ОПАЕВА

СЕМАНТИКА И СТРУКТУРА СЛОЖНЫХ СЛОВ В СОВРЕМЕННОМ
КАРАКАЛПАКСКОМ ЯЗЫКЕ

Мақалада ғылыми және публицистикалық стильде жиі қолданылатын күрделі сөздердің (қарақалпақ тіліндегі) семантикалық және құрылымдық жағына ғылыми талдау жасалған.

Makalede, Karakalpak ilmi ve sosyo-politik yazılanında kullanılan bileşim ifadelerinin anlam ve bünyesi analize edilmiştir.

Сложные слова образуются из двух или более слов и обозначают широкое понятие. Сочетание их компонентов объединяются по значению как устойчивые сочетания и в предложении выполняют функцию одного члена предложения. В современном каракалпакском языке сложные слова в последнее десятилетие становятся очень продуктивными в употреблении. Если рассмотреть их с семантической точки зрения, то они охватывают слова, входящие в различные сферы жизни. Особенно составные сложные слова образуются и активно употребляются в публицистическом и научном стилях.

На основе собранных фактических материалов сложные слова современного каракалпакского языка с семантической точки зрения разделили на следующие виды:

Составные термины, связанные с социально-экономической сферой жизни :бәнтликке көмеклеси орайы (центр помощи занятости), бес күнлик жумыс хәптеси (пятидневная рабочая неделя), банк аудити (банковский аудит), банк филиалы (филиал банка), банк есапбаты (счет банка), биржа товары (биржевые товары), киши бизнес (малый бизнес), экономикалық реформа (экономическая реформа), турақ жай фонды (жилищный фонд), төле терминаллары (платежные терминалы), еркин базар (свободный рынок), киши кәрхана (малое предприятие), қоспа кәрхана (совместное предприятие), ири оңла жумыслары (работа по капитальному строительству), пластик карточка (пластиковая карточка), исбилерменлик субъектлери (субъект предпринимательства), хожалық жүрити ши субъект (субъект ведущий хозяйство), аксил реклама (аксильная реклама) и т.д. Например: Хәзирги уақытта исбилерменлик субъектлери төрепинен пластик карточкалар хәм төлеу терминалларынан пайдаланыу хәм де тутыныушыларға усы төлем түри арқалы хызмет көрсетиу кеңнен өзлестирилмекте ("Еркин Қарақалпақстан" 10-сентябрь 2009 жыл). *В настоящее время со стороны субъектов предпринимателей осваиваются пластические карточки и*

использование платежных терминалов и оказываются услуги потребителям такими способами платежа.

По структуре сложные слова имеют следующие виды :

1.Существительное+существительное: мийнет биржасы (биржа труда), банк филиалы (филиал банка), банк аудити (банковский аудит), пластик карточка (пластиковая карточка) и т.д

2.Прилагательное+существительное: киши кәрхана (малое предприятие), қоспа кәрхана (совместное предприятие), киши бизнес (малый бизнес), еркин базар (свободный рынок) и т.д.

3.Имя действия+существительное: төлеу терминаллары (платежные терминалы) и т.д.

4.Существительное+имя действия+существительное: бәнтликке көмеклесиу орайы (центр помощи занятости), хожалық жүритиуши субъект (субъект ведущий хозяйство) и т.д.

5.Прилагательное+имя действия+существительное: ири оңда жұмыслары (работа по капитальному строительству) и т.д.

6.Числительное+существительное: бес күнлик жұмыс хәптеси (пятидневная рабочая неделя) и т.д.

Составные термины, образованные в связи с переменами в сфере медицины :репродуктив саламатлылық (репродуктивное здоровье), Республикалық көп тармақлы медициналық орай (Республиканский многоотраслевой медицинской центр), бас пышакер (главный врач), қыста лы медициналық жәрдем (экстренная медицинская помощь), орта бу ын медицина хызметкерлери (средние медицинские персоналы), стационар емле (стационарное лечение) и т.д. Например: У них народ проходит профилактический осмотр, проводится усиленная работа по борьбе с раковыми заболеваниями, народ к себе, к своему здоровью относится с особым вниманием. (журнал "Каракалшакстан"5-6).

Такие сложные слова по морфологической структуре имеют следующие виды :прилагательное+существительное :профилактикалық көрик (профилактический осмотр), стационар емле (стационарное лечение) и т.д. существительное+существительное: бас пышакер (главный врач) и т.д. наречие+существительное: тез жәрдем (скорая помощь).

Составные термины, образованные в связи с переменами в судебно-правовой области: адам саудасы (торговля людьми), нәшебентлик затлар (наркотические вещества), реакцион диний топарлар (реакционно-религиозные группировки), адвокатлар фирмасы (фирма адвокатов), адвокат этикасы (этика адвоката), бажыхана транзити (таможенный транзит), газли қураллар (газовые оружия), Хаяллар жынаятшылығы (женская преступность), криминалистлик техника (криминалистическая техника), улы ма мүлк (общее

имущество), бир адамлык камера (камера для одного человека, одноместная камера) и т.д. Например: Адам саудасы - инсан қөдир-қымбатына қәуип салатуғын трансмиллий, уйымласқан жынаятшылық көринислериниң бири есапланады ("Фөрезизлик ҳәм нызам" 27-февраль 2010 жыл). Торговля людьми считается одним из видов транснациональной организованной преступности, вызывающей опасность чести и достоинству человечества.

При рассмотрении их по структуре они имеют следующие виды:

1. Существительное+существительное: адам саудасы (торговля людьми), адвокат этикасы (этика адвоката), адвокатлар фирмасы (фирма адвокатов) и т.д.

2. Прилагательное+существительное: азли қураллар (газовые оружия), нөшебентлик затлар (наркотические вещества) и т.д.

3. Местоимение+существительное: улыума мүлк (общее имущество) и т.д.

4. Числительное+существительное: бир адамлык камера (одноместная камера) и т.д.

Составные термины, образованные в связи с развитием средств массовой информации (СМИ): цифралы телевизор (цифровой телевизор), медиа базар, интернет материаллары (материалы интернета), мәлимлеме - ресурс орайы (ресурсный центр информации), газета тиражы (тираж газеты), журналистлик интуиция (журналистическая интуиция), ғалаба хабар қураллары (средства массовой информации), цифралы тюнер (цифровой тюнер).

Если рассматривать данные примеры по морфологической структуре, то сложные слова имеют следующие виды:

1.Существительное+существительное: газета тиражы (тираж газеты), мәлимлеме-ресурс орайы (информационно-ресурсный центр) и т.д.

2.Прилагательное+существительное: цифралы телевизор (цифровой телевизор), журналистлик интуиция (журналистическая интуиция).

3.Местоимение+существительное: ғалаба хабар қураллары (средства массовой информации).

Составные термины, образованные в связи с изменениями в области связи: уялы телефон (сотовый телефон), факсимиллик байланыс (факсимильная связь), байланыс операторы (оператор связи), мобиль телефон (мобильный телефон), почта жөнелтпелери (почтовые переводы), пул жөнелтпелери (денежные переводы), исеним телефоны (телефон доверия), кең полсалы сымсыз байланыс (широкополосная беспроводная связь), сим карта. Например :Электр байланысының тийкарғы түрлери :телефон, телеграф, факсимиллик байланыс, мағлыматларды жеткерип бериу, видеотелефон байланыслары болып табылады ("Еркин Каракалпакстан"

1995г. 23-марта). *Основными видами электрической связи является телефон, телеграф, факсимильная связь, доставка сведений, видеотелефонная связь.*

Составные термины, образованные в связи с изменениями в области образования: мэмлекетлик грант (государственный грант), тест сынақлары (тестовые испытания), мэмлекетлик тест орайы (государственный тестовый центр), магистратура бөлими (отдел магистратуры), магистр дөрежеси (степень магистра), титул қағазы (титульный лист), қосымша контракт (дополнительный контракт), жуумақлаушы қадағалау (итоговый контроль), технологиялық карта (технологическая карта) и т.д. Например: Өзбекстан Республикасы Қаржы министрлиги, 2010 / 2011-оқы жылында мэмлекетлик грантлар тийкарында бакалаврият, магистратураға қабыл етиудиң тастыйықланған квоталарына муапық қөлишлесип атырған студентлер контингентин есапқа ала отырып, бюджеттен зөрүрли қаржылар ажыратылыуын төмийинлесип ("Каракалпакстан жаслары", 3 июня 2010 г.); *Министерству Финансов Республики Узбекистан в 2010/2011 учебном году в соответствии с утвержденной квотой приема на магистратуру, бакалаврият на основе государственного гранта учитывая, формируемый контингент студентов, обеспечит выделение необходимых средств из бюджета.*

Структура составных терминов, образованных в связи с изменениями в области образования имеет следующий вид:

1. Существительное + существительное: мэмлекетлик тест орайы (государственный центр тестирования), тест сынақлары (тестовые испытания), магистр дөрежеси (магистрская степень), титул қағазы (титульный лист) и т.д.

2. Существительное + имя действия: халық билимлендири бөлими (отделение народного образования) и т.д.

3. Имя действия + имя действия: жуумақлаушы қадағалау (итоговый контроль) и т.д.

Таким образом, в общей сложности, в словарном составе каракалпакского языка в последнее время в связи с развитием общества, науки и техники сложные слова начали развиваться продуктивно.

REZUME

G.NURUMBETOVA, R.OPAEVA (Nukus)

SEMANTIC AND STRUCTURE OF COMPOUND WORDS IN MODERN KARAKALPAK LANGUAGE

The article deals with the semantic and structure of compound words in modern Karakalpak language which are frequently used in scientific and journalism style.

А.Х.ЕРІМБЕТОВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕКТЕС ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ
СӘЙКЕСТІКТЕРІ

В данной статье рассматривается историческая фонология звуков в тюркских языках.

Makalede Türk dillerindeki tarihi ses bilgisi araştırılmaktadır.

Тіл эволюциялық дамуының барысында бірнеше заңдылықтарды дүниеге әкеледі. Солардың ішіндегі негізгі сөздік қорымыздың жүйесін құрайтын тілдік бірліктердің өн бойында табылып отыратын және тілдің тарихымен астасып жатқан заңдылықтардың бірі – дыбыс сәйкестіктері. Дыбыс сәйкестіктері тарихи заңдылық ретінде барлық халықтар тілінде орын ала отырып, әрбір этностың базистік лексикасының дамуына тікелей әсер етеді.

Айналадағы құбылыстар мен заттарды танып-білуде және оларды атауда тілдің сыртқы қабығы мен ішкі мазмұндық жағы қатар қызмет атқарады. Адамның танымының тереңдеуіне байланысты таныған нысанның да қыр-сыры ашылады. Ал бұл процесс өз кезегінде сол нысанға тағылған тілдік бірліктің мазмұны мен тұрпатындағы өзгерістерді туғызады. Тілдік бірліктің тұрпаты дыбыстардың белгілі бір ретпен тіркесімділігі арқылы көрінеді. Дыбыстардың алмасуына экстроллингвистикалық факторлар және сонымен бірге тілдің дамуын туғызатын ішкі факторлары әсер етеді. Дыбыстардың ішкі факторларлардың әсерінен алмасуы әр түрлі болады: грамматикалық алмасу және позициялық алмасулар, тарихи алмасу және фонетикалық алмасулар. Фонетикалық алмасу дыбыстар сәйкестігі арқылы көрінеді. Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың вариантталып, тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысын дыбыстар сәйкестігі дейміз.

Мысалы: Табғач қағаның ічрекі бедізчиг ыты – Табғаш қағаны іштегі бедізпісін (шеберлерін) жіберді. Түркі халқының аяғы әлсіреді, жаман қалжырады. Қаған сүсі бөрі тег ерміс. – Қаған әскері бөрідей еді, жауы қойдай еді. Қағанладук қағанын йітүрү ыдымыс, табғач будунқа беглік уры оғлың қул болты, сілік қыз оғлың күң болты. – Қағандық қағанынан айрылды, табғаш халқына бек ұлдары құл болды, сұлу қыздары күң болды.

Анықтауыш мүше қазіргі әдеби тілімізде қай сөз табынан болса және қай тұлғаларда айтылса, сөз болып отырған ескерткіштер кезеңінің өзінде де сол сөз таптарынан болғандығы және сол уақыттың өзінде де қазіргідей тұлғалық құбылыстарда айтылғандығын көреміз. Құрылысы жағынан анықтауыш мүшелер бірде дара түрде келсе, бірде күрделі түрде

келіп отырады. Бірақ анықтауыш мүше құрылысында қазірде жиі ұшырайтын үйірлі анықтауыштар сирек кездеседі.

Анықтауыш мүшелердің өзі анықтайтын мүшеден бұрын келуі және онымен қабыса немесе матаса байланысу жолдары ескерткіштерде де берік сақталған. Анықтауыш мүшенің анықталушы мүшеден кейін айтылуы бір-екі жерде ғана кездеседі.

Көне ескерткіштерде сөйлемнің толықтауыш мүшесінің екі түрі де, тура толықтауыш та, жанама толықтауыш та кездеседі. Тура толықтауыш функциясындағы сөздер қазіргі әдеби тіліміздегі сияқты табыс жалғауының ашық түрінде де, жасырын түрінде де айтылып, сабақты етістіктен болған мүшеге, әсіресе баяндауышқа меңгеріледі.

Мысалы: Ертіс үгүзіг кече йорыдымыз, түргіс будунығ уда бастымыз – Ертіс өзенін кешіп өттік те, түргеш халқын ұйқыда бастық. Бөгү қаған баңару анча айдымыз – Бөгі қаған маған осыны айтты. Ол сабығ есідіп сү йорытдым – Ол сөзді есітіп әскер жүргіздім. Өз теңрі йасар, кіші оғлы қоң өлгелі төрүміз. – Уақытты тәңірі жасайды, кісі баласы бәрі де тек өлгелі жаралған. Сүңүс болсар, черіг ітер ерті. – Соғыс болса, шеріктерді жіберер еді.

Сөз табы жағынан алғанда, тура толықтауыш қызметінде кездесетіндер – зат есім мен есімдіктер. Басқа сөз таптарының кейбіреулері жанама толықтауыш қызметінде бірді-екілі жерде кездескенімен, тура толықтауыш қызметінде кездесетіндері өте аз. Жанама толықтауыш қызметінде қолданылған сөздер де қазіргі әдеби тіліміз синтаксисіндей барыс, жатыс, шығыс жалғаулы форма да кездеседі. Ал көмектестік, құралдылық мағыналар қазіргі тіліміздегі сияқты жалғау арқылы берілмей, шылау сөздер арқылы берілгендіктен, зат есімдер осы аталған шылауларға тіркесе айтылып та жанама толықтауыш функциясында қолданылады.

Мысалы: Табғачқа йана ічікді – Табғашқа және бағынды. Анта етру қағаныма өтүнтм – Содан соң қағаныма өтіндім. Сантуң балыққа Талуи үгүзке тегүртім – Шантуң қаласына, Теңіз өзеніне жеткіздім. Бу йерде олтуруп – Бұл жерде отырып. Йандуқ йолта йеме өлті күк – Қайтар жолда тағы да көп өлді. Өңре қытанда беріе табғачда Қуруйа курданта йырайа оғузда Екә-үч бың сүмүз келтечіміз бар му не? – Шығыстағы қытанға, түстіктегі табғашқа, Батыстағы құрданға, терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? Түргес қағанта көрүг келті – Түргеш қағанынан хабаршы келді. Табғач беріденйен тег – Табғаш түстіктен тиңдер. Бен йырдантайан тегейін – Мен терістіктен тиісейін. Бу йолын йорысар, йарамачы тідім – Бұл жолмен жүруге болмайды дедім. Алтун йысығ йолсузын астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз – Алтын жерін

жолсызбен астым, Ертіс өзенін кешпес ізбен кештім. Інім Күлтегін бірле қазғантым – Інім Күлтегінмен бірге қолдандым.

Жанама толықтауыштар, негізінде, екі түрлі сөз табынан болған. Оның бірі және негізгісі – зат есім де, екіншісі – есімдік. Тура толықтауыш сияқты, жанама толықтауыштар да, негізінде, осы екі түрлі сөз табынан болып отырады. Бұлардан басқа сөз таптарынан септік жалғауында айтылып, жанама толықтауыш болуы бірді-екілі ғана болмаса, онша жиі кездеспейді. Жанама толықтауыштардың барлығы да етістіктен немесе етістікке тіркесе айтылып, күрделі мүше құрамына еніп тұрған есім-етістіктен болған мүшелерге меңгеріліп, жетектеліп тұр. Бұған қарағанда, етістіктің меңгерушілік функциясының сол уақыттың өзінде де ерекше күшті болғандығын байқаймыз.

Толықтауыш мүшелер құрамы жағынан дара және күрделі түрде кездеседі, бірақ қазіргі тіліміздегі кездесетін үйірлі толықтауыштар ескерткіштерде кездеспейді.

Көне ескерткіштерде пысықтауыш мүшелердің қазіргі әдеби тілімізде бар түрлерінің бәрі де кездеседі.

Мысалы: Ілгерү күн тоғсықда Бөклі қағанға тегі сүлейү бірміс – Ілгері күн шығыста Бөкілі қағанға дейін соғысты. Қырық артуқы йіті йолы сүлеміс, йегірмі сүнүс сүнүсміс – Қырық жеті реттен артық аттанып, жиырма соғыс жасаған. Түрк будун адақ қамапшты, йаблақ болтачы ерті – Күлтегін йіті отуз йашыңа қарлуқ будун ерүр барур ерлікі йағы болты – Күлтегін жиырма жеті жасында қарлуқ халқы жүре бара нағыз жау болды. Анта кіре йір Байырқу Улуғ Ірікін йағы болты – Содан соң Байырғы жерінде Ұлық Іркін жау болды. Ечим қаған олуртуқда, өзім тардуш будун үзе шад ертім. - Әкем қаған болып отырғанда, өзім тардуш халқына уәзір едім.

Тұрлаусыз мүшенің бірі болып табылатын пысықтауыш сөйлемде, негізінен, етістіктен болған мүшеге қатысты болып, сол мүшені мезгіл, мекен, мақсат, орындалу амалы жағынан нақтылап, пысықтап тұрады.

Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер – үстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгіл, мекен, мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады.

Қимыл-сын пысықтауыш. Өртче қызып келті – Өртше қызып келді. Қытан өңденйен тег – Қытан шығыстан тиңдер.

Мезгіл пысықтауыш. Түн қатдымыз Болчуқа таң үнтүрү тегдіміз – Түн қаттық Болшыға таң ата жеттік. Ол оқ түн будунын сайу ытымыз – Сол түні халық сыйын елші жібердік.

Себеп пысықтауыш. Анта кіре теңрі біліг бертүк үчүн өзүм өк қаған қысдым – Содан соң тәңрі білік бергені үшін өзімше оны қаған еттім.

Мақсат пысықтауыш. Түрк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қапланты – Түркі халқы ханы болмай табғаштан бөлінді, ханданды.

Мекен пысықтауыш. Мезгіл пысықтауыштары мезгіл үстеулерінен және мезгіл мәнді зат есімдерден, олардың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде келуі арқылы жасалады. Өңрекі ер йуғуру тегүрш ы бар бас асдымыз – Алдағы ер жоғары шығыш бұталы (биік) басынан астық. Бениң будунум анта ерүр тіміс – Менің халқым да сонда болар деді. Табғачғару Қуны сенүнгү ыдымыс – Табғашқа қарай Құны сенүнді жіберді.

Сөйлем мүшелерінің қай-қайсысы болса да бірыңғай түрде кездеседі. Ескерткіштерде кездескен бірыңғай мүшелер атау тұлғада да, септік жалғауларының барлық түрлерінде де айтылған. Сол сияқты, бірыңғай мүшелер жалғаулықты түрде де, жалғаулықсыз түрде де қолданылған. Бірыңғай мүшелер арасында қолданылған жалғаулықтар аз, себебі ескерткіштер тілінде бірыңғай мүшелердің жалғаулық арқылы байланысқан түрлеріне қарағанда, жалғаулықсыз түрлері жиі кездеседі.

Мысалы: Сүчіг сабыңа, йумчақ ағысыңа артурыш үкүс, түрк будун, өлтіг – Тәтті сөзі, жұмсақ қазынасын көп сеніп, түркі халқы, өлдің. Едгү білге кісіг, едгү алп кісіг йорытмаз ерті – Игі білгіш кісілерді, игі батыр кісілерді қозғалта алмады. Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты – Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Беріе табғачығ, өңре қытанығ, йырайа оғузуг өк өлүрті – Терістікте табғашты, шығыста қытанды, терістікте оғызды көптеп өлтірді. Йеті йүз ер больш, елсіреміс, қағансырамыс будунығ, күнедміс, қуладмыс будунығ, түрк төрүсін ыңғынмыс будунығ ечүм-апам төрүсінче йаратмыс, башқурмыс – Жеті жүз ер больш, әлсіреген, қансыраған халықты, күнденген, құлданған халықты, түркі иелігінен айырылған халықты ата-бабам салтына қайта оралтты.

Ескерткіштерде бірыңғай мүшелердің кейбіреулерінің алдында жалшылауыш мәнді сөздер, сөз тіркесі, немесе жалшылауыш мәнді сөйлем келіп отырады. Мұндай құрамдағы жалшылық мәнді тіркестер санамалы бірыңғай мүшелер алдында да, санай айтылатын түсіндірмелі жай сөйлемдер алдында да, төл сөз алдындағы автор сөзі ретінде де қолданылады. Осы орындардың бәрінде де ол жалшылық мағынаны білдіреді.

Мысалы: Біріе табғач будун йағы ерміс, йырайа Баз қаған, токуз оғуз будун йағы ерміс, қырқ аз, қурықан, отуз татар, қытан, татабы – қоп йағы ерміс – Оңында табғаш халқы жау еді, солында Баз қаған, тоғыз оғыз халқы жау еді, қырқ аз, құрықан, отыз татар, қытан, татабы – бәрі жау еді. Йабғысың, садын анта өлүрті – Йабғысың, шадын сонда өлтірді. Бод йеме, будун йеме кісі йеме іді йоқ ертечі ерті – Ептеме де, халық та

және кісі де болмас еді. Өрім қатун, улайу өглерім, екелерім, келінүмім, қунчуйларым, бйеме тірігі күң болтачы ерті, өлүгі йуртда, йолта йату қалтачы ертіміз – Шешем қатың, оған ілескен аналар, жеңгелерім, келіндерім, бикештерім мұнша және күң болар едіңдер, өліктерің жұртта, жолда жатар едіңдер. Қарлуқығ өлүртіміз, алтымыз – Қарлұқты өлтірдік, жеңдік.

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі жағынан алғанда қазіргі әдеби тіліміздегіден айтарлықтай өзгешелігі жоқ. Мұнда да бастауыш баяндауыштан бұрын, баяндауыш әрдайым дерлік сөйлем соңында келіп отырады. Тұрлаусыз мүшелердің орын тәртібі де тұрақты: анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш мүшелер өздерінің анықтайтын, толықтайтын, пысықтайтын мүшелерінен бұрын тұрады.

Тілдің әр дәуірдегі синтаксистік құрылыс ерекшелігін, қала берді, сөйлемдердің структурасын дұрыс ашуда сөйлем құрамына енген сөздердің атқаратын синтаксистік функцияларының шешуші мәні бар. Сөйлем құрамындағы сөздер, яғни сөйлем мүшелері сөйлемді сөйлем ететін ең негізгі ең қажетті элемент. Құрылыс материалынсыз ешқандай құрылыс болмайтыны сияқты, сөйлем мүшелерінсіз де ешқандай сөйлемнің болуы мүмкін емес. Сөйлемдегі болатын структуралық өзгеріс, жаналық бәрінен бұрын сөздердің сөйлем мүшелік қызметіндегі өзгерістерге, олардың бір-бірімен қарым-қатынас түрлеріне тікелей байланысты және соның негізінде ғана туып, қалыптасады. Міне, сондықтан сөздердің синтаксистік функциялары, сөйлем мүшелері, олардың түрлері, өзара қарым-қатынастары тарихи синтаксистің қарауына жататын елеулі объектінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қордабаев Т. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы, 1964. – 244 б.
2. Сәдуақасов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдер. – Алматы, 1996. – 273 б.
3. Айдаров Е., Құрышжанов Ә., Томанов. М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971. – 271 б.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2003. – 265 б.

REZUME

M.S. ABDIRAKHMANOVA (Karaganda)

HISTORICAL DEVELOPMENT OF PARTS OF SENTENCE IN TURKIC LANGUAGES

The article deals with the historical development of sentence parts in the Turkic languages.

Ж.ӘБДІҒАШАРОВА

ТҮРК ХАЛЫҚТАРЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ НӘЗИРА ДӘСТҮРІНІҢ ШӘДІ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

В этой статье рассматриваются проявления традиции назирь в тюркской поэзии в произведениях поэта Шади.

Makalede Şadi şairinin eserlerindeki nazire tarzı araştırılmıştır.

Классикалық шығыс әдебиеті поэзиясының қазақ әдебиетіне жасаған ықпалы зор. Осы шығыс әдебиетінің әсері арқылы «нәзира» деп аталатын дәстүр қалыптасты.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Шығыс тақырыбына барған ақындарды «қиссапыл ақындар» немесе «кітаби ақындар» десе, кейде «діни – ағартушылық бағыттағы ақындар» деп те атайды.

«Қиссапыл ақындарды тек қана ауыз әдебиетін жинаушы деп қарамай, шығыс сюжеттерінің қазақна варианттарын жасаған жазба ақындар деп қараған жөн бе деп ойлаймыз» [1, 78] – дейді белгілі ғалым А. Қыраубаева өзінің зерттеу еңбегінде.

Бұл топтағы ақындар өздері сусындаған шығыстың озық үлгілі әдебиетінен тәлім ала отырып, олардың бірсыпырасын қазақ тіліне аударды. Шығыс сюжетіндегі белгілі тақырыптарға еліктеп өздері де шығармалар жазды. Сөйтiш нәзирагәйлік дәстүрді дамытты. Шығыстың классикалық әдебиетінің қазақ даласына кеңінен таралуына да негізінен осы ақындардың игі әсері мол болды. Бұл бағыттағы ақындарға тән ерекшелік қиссапылдық, кітаби сюжеттерге еліктеушілік, сол дәстүрді дамытуды мақсат тұтты. Жалпы алғанда, діни ағартушы ақындар қазақ поэзиясының көркемдік деңгейін көтерiп, ХХ ғасыр басындағы поэзияның жанрлық тұрғыдан баюына қомақты үлес қосты.

«ХІХ-ХХ ғасырларда өте көп таралыммен шыққан діни қисса-дастандар кездейсоқ шыққан жоқ. Ақындардың қаламынан туындаған бұл сюжеттер мен образдардың арғы бастаулары орта ғасырда түркі тілінде негізі қаланған ислами шығармаларда жатыр. Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Иассауи, Махмуд бин Ғали т.б. шығармаларында Мұхаммед (с.ғ.с.) өмірі дәріштелетін болса, оның көкке шыққаны туралы Сүлеймен Бақырғани «Мигражнама» атты дастан жазған. Рабғұзидың «Қиссасул әнбиясында» баяндалатын пайғамбарлар (Адам, Мұса, Иса, Жүсіп, Салих, Ысқақ т.б. жалпы саны жиырма бес) ХХ ғасырдың басындағы біраз ақынға азық болды» [2, 32], – дейді зерттеуші Т. Қыдыр

ХХ ғасыр басындағы кітаби ақындардан Шәді Жәңгірұлы да көп алпақтап кетпейді. Солармен дәуірлес, идеялас, мүдделес болғандықтан осы ақындардың дәстүрлі жолымен жүріп отырады.

Шәді Жәңгірұлы шығыстың озық үлгілі әдебиетінің нәзирагөйлік дәстүрін берік ұстанған, қазақ поэзиясындағы белгілі тақырыштар мен сюжеттерді өзінше жырлап идеясы мен мазмұны тұрғысынан мүлдем жаңа, төл туынды жасаған ақын. Осындай қазақтың діни дастандары мұсылманшылдықтың қазақ сахарасына терең орнығуына игі ықпалын тигізгені анық. «Қазақ әдебиетіндегі діни дастандардың жырлануында, кейінге жалғаса дамуында мынадай ерекшеліктер бар: Біріншісі – авторлары белгісізденіп фольклорлық сипатпен ел арасына таралып сақталған дастандар, екіншісі – авторлы ақындық поэзиядағы әдеби шығарма тұғырында танылған діни дастандар» [3, 131].

Арабша – «нәзира» – «жауап», ұқсату мағынасында, ал парсы тілінде – «татаббу» деп аталады. Шығыс поэзиясында орта ғасырларда қалыптасқан әдеби дәстүр. Белгілі бір ақынның өзіне дейінгі классикалық шығармаға жауап қатуы түрінде пайда болған.

Нәзира дәстүрі сан ғасырлардан бері үзілмей, сабақтасып келе жатқан көркемдік әдеби тәсіл. Нәзира тәсілі бойынша, шығарма бұрын сан рет қайталанған танымал сюжетке құрылады. Шайыр осы тақырыпты өзінен бұрын жазып кеткен ақындармен шеберлік жарысына түседі. Шығыс әдебиеттеріне ортақ сюжеттерге Құран хикаялары, әулие-әнбиелер туралы оқиғалар, «Мың бір түн», «Шаһнама» т.б. тақырыптары жатады. Ұлттық әдебиетіміздегі нәзира дәстүрінің өзіне тән ерекшеліктерін тану үшін әуелі шығыс шайырларының көтерген басты тақырыптары мен идеяларын ұғынуымыз қажет. Өз шығармаларында шығыс шайырлары адами құндылықты басты мәселе етіп көтереді, яғни адамзатқа тән асыл қасиеттерді құрметтеу, насихаттау. Олар – он сегіз мың әлемді Жаратушы Алла Тағала бүкіл әлемді әуел баста адамзат үшін жаратқанын, тіршіліктің негізгі қайнар көзі адам, жер бетіндегі басқа тіршілік иелерінің бәрі де тек адамның игілігі үшін, адамның қажеттілігін өтеу үшін жаратылғанын және осындай шексіз нығмет берген адам баласының иманды, жан дүниесі таза, әдепті, сабырлы, парасатты болуын талап етеді.

Нәзира дәстүрін жетік меңгерген қазақтың бірқатар «қиссапшыл ақындары» Шығыс хикаяларының желісіне ғажайып дастандар жазғаны мәлім.

Сонымен, Шығыс сюжеттеріне құрылған дастандар қазақ әдебиетінің бай саласына айналып, өзіндік мәдени, эстетикалық, тәрбиелік ролін толығымен атқарды. «XX ғасырдың өн бойындағы ұлт тағдырында ортағасырлық ояну туғызған, қайта жаңданған нәзираның аса өлшеусіз орны болды. Тіптен, орыс отаршылдығы өзінің қазақтың «ішпін алудағы» көп тарихы әу баста өзі өрістетіп алған Шығыс ықпалының, дін ықпалының ыңғайында жүргізуге мәжбүр болды. Бұл – саяси жағы. Ал нәзира өріс берген үлкен әдеби, рухани, мәдени ағым – қазақ халқының ұлттық болмысын даралай түскен, қоғамдық сананы оятып, жаңғыртқан, көтерген ықпалды құбылыс» [4, 37]. Бұл пікір Шәді Жәңгірұлы шығармашылығына да қатысты.

Қазақ әдебиеті тарихында «Кітаби ақындар» деген атпен танылып, нәзира дәстүрінде жырлаған, тың дастандар тудырған дастаншыл ақындарды, солардың қатарында Шәді есімін бірге атасақ, ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ дастан жанрын түр, тақырып жағынан байыта алғаны көзге көрінбей қоймайды. Шәді Жәңгірұлы мұсылмандықтың, исламның негізгі іргесі - «ақида» жайлы да қалам тербеген.

Бір кітап «Ақида» атты деп ат қойылған,
Ішінде Хақ сипатын зікір қылған.
Жетпіс үш фарқы болған мәнһабтардың,
Әр түрлі таластары һәм айтылған [5, 28], –

деп Шәді өзінің «Ахуал қиямет» деген дастанын жазады. Шығарманың аты айтып тұрғанындай, мұнда адам баласының қияметтегі қал-ахуалы баяндалады. Қазақ әдебиетінде бұл тақырыпқа байланысты Шәдіден басқа, Мәшһүр Жүсіп өзінің «Қиямет ахуал» деген қиссасын, Ақыт Үлімжіұлы «Ахирет баян» атты дастанын жазған.

Шәдінің бұл дастанының желісі Исламның атақты факиһи Әбу Мансур Мұхаммед Матуридидің «Таухид» деген еңбегіне негізделгені аңғарылады. Ақынның бұл шығармасы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Оны 1936 жылы Тәжібай баласы Әбдіғашар деген кісі көшіріп шығыпты. Сонымен бірге Шәдінің «Ахуал қиямет» дастанын көзінің қарашығындай сақтап келген Ілияс Ахметұлы мен оның жұбайы Күлшара Шыбанқызы. І. Ахметұлы сөз қадірін білетін, ата-баба дінін қадірлейтін өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу жандарының бірі болған. Қазақтардың ішінен алғашқылардың бірі болып Мәскеудегі Шығыстану институтын бітіріп, халқына адал қызмет еткен. Осы Ілияс Ахметұлының жеке мұрағат қорында сақталған Шәдінің «Ахуал қиямет» дастаны 2005 жылы «Алап» баспасынан кітап болып шықты.

«Ықлас» деп бұл сүреге қойылды нам,
Ықыласпен көп оқыса әрбір адам.
Пайдасы жаһаннамның жанған отын,
Ол құлдың ағзасына қылғай харам [5, 23].

Шәді Құрандағы «Ықылас» сүресінің адамға екі дүниедегі пайдасын түсіндіреді. Осы сүрені оқыған адамды пайтан да алдай алмайтынын, о дүниедегі ризық несібесі мол болатынын айтады да, сүренің негізгі мәнін тәпсірлейді.

Ахад дүр, Самад дүр, Хақ сипаты,
Лам йалид, уа лам йулад, уа лам йакун [5, 27].

Алланың серігі жоқ, ортағы жоқ, теңдесі жоқ, күдіретімен мақлұқатын халақ еткен деп түсіндіреді пайыр, болмыстың, пайтанның, періштенің, адамның неден жаратылғанын айтады. Бұдан кейін пайыр Мұқарраб төрт періштенің, олардың әрқайсысының бұйрығымен тағайындалған қызметіне тоқталады.

Әуелі Жебірейіл періште – пайғамбар мен Расулдарға Алланың уахиларын жеткізуші қызметін атқарады.

Екінші Мекайіл періште – бүкіл тіршілік иесінің ризығын жібереді, шапады.

Үшінші періште – Исрафил деп аталады. Оның тағайындалған қызметі – махшарда Хақ әмірімен сүрін тартып, халықтың бәрін өлтіріп тұрғызады.

Әзірейіл деп ат қойылған төртінші періште – күллі мақлұқтың жанын алады. Оның шеңгелінен ешбір адам құтыла алмайды.

«Әзәзілғалейхил–лағнеттің жаралғаны» деген бөлімінде пайыр Ібілістің сахараны жалғыз өзі отан еткенін, Аллаға күндіз – түні тағат қылып, ғибадат құлшылық жасағаны, періште – мәліктер мұны көріп ерекше зауқы кетіп сүйгенін баяндайды. Періштенің Құдайға дұға қылуымен оны екінші аспанға көтереді. Жетпіс мың жыл Құдайға құлшылық қылған Ібіліс періштелерге сабақ береді. Өзінің біліміне сенген Ібілістің көңіліне «Мен баршасынан артықпын» деген төкашарлық пайда бола бастайды.

Хақ Тағала топыраққа: «Бір мақлұқ сенен алып жаратармын» – дейді. Ол мақлұқтың «жақсысын жәннатқа кіргізермін, күнәһарын тозаққа күйдірермін», – дейді. Аллаға топырақ нала болып: – «Бұл қызмет маған артық болды. Жаманы тозаққа еніп азап көрсе, онымен мен де тозаққа күйем. Жақсысы жәннатқа барып рахаттанса, оған өкініп ренжімеймін. «Отына жаһаннамның сабырым жоқ», – деп жылайды. Алла топырақтың бұл тілегін қабылдамай, Жебірейілге: «Топырақ алып кел», – деп әмір береді. Топырақ Жебірейілге зарланып жылайды. Жебірейілдің оған рақымы келіп, топырақ алмай қайта келеді.

Алла Тағала әмір етіп Мекәйілді жібереді. Топырақ оған һәм жылайды. Мекәйіл де алмай қайтып келеді. Сосын Исрафилге әмір етеді, ол да топырақтың зарланғанына рақымы келіп, топырақ алмай келеді.

Алла Әзірейілге: «Дүниеден топырақ әкел», – деп бұйырады.

Жеті ықылым жер жүзіне қолын салды,
Рақым етпей жыласа да әркез оған.
Бәрінен бір уыстап топырақ алды,
Жер жүзі қырық кез тұман болып қалды [5, 47].

Топырақты әр жерден алғандықтан адамзаттың бәрі бірдей болмады. Бірі - ақ, бірі – қызыл, тағы бірі – қара болды.

Алла Тағала Әзірейілден – «Топырақ алма деп айтпады ма?» – деп сұрайды. Әзірейіл: «Айтса да рахым етпедім», – дейді. Осыдан бастап адамның жанын Әзірейіл періште алады екен.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өзінің «Жер мен көк» дастанында да осы шындықты жырға қосады.

Адамның топырақтан жаратылғаны жайлы сонау XII ғасырда жазылған сопылардың сұлтаны Қожа Ахмет Иассауи бабамыздың «Диуани хикмет» кітабында да «Асылым топырақ, нәсілім топырақ, баршадан хар, Басқа салса әр кеудең топырақ болар» – деген жыр жолдары кездеседі [6, 56].

Мұнан кейінгі бөлімдерде Алла Тағаланың топырақтан адамды қалай жаратқаны, Адам (ғ.с.)-ның ағзасына жанның кіргені, Хазірет Адамға періштелердің сәжде қылғаны, өзәзілдің төкашарлық танытыш, адамға сәжде қылмағаны, сол үшін жәннаттан мәңгілік қуылғаны, Адам (ғ.с.)-ның қабырғасынан Хауа анамыздың жаралғаны, пайтан лағин Хауаны азғыру арқылы екеуіне тиым салған бидайды жегізгені, Адам ата мен Хауа ана Алланың әмірімен жерге түсірілгені, Хазірет Адам (ғ.с.)-ның тәубасының қабыл болғаны, Әбіл мен Қабылдың хикаясы сияқты оқиғалар өз кезегімен тізбектеліп баяндалады.

Дастанның екінші жарғысы бүтіндей қиямет күнін суреттеуге арналған. Ақырзаман жақындағанда Яжуж-Мажуж қауымының шығатынын, Джалдың адам баласын шыбындай қыратынын, сол кездерде күннің батыстан шығатынын айтады. Алланың қарғысын алған Ібілістің адамды соңғы демі қалғанша азғыратынын жырлайды.

«Жақсы құлдардың дүниеден өткені» деген тараушасында Әзірейіл періштенің адамның жанын қалай алатыны суреттеледі.

Әзірейіл періште адамның ағзасынан жанын алу үшін адамның әр мүшесіне келеді. Бұл жерде пайыр адам баласының мына өмірде жасаған қайыр істерінің, айтқан зікірінің, оқыған намазының, берген зекетінің, бүкіл жасаған игілікті істері адамға қорған болатынына назар аудартады.

Мезгілі жеткенде жан мен тән айрылатыны жайлы көптеген ақындар жырлап кеткен. Мәселен, Жүсіп Баласағұн жан туралы ойын былай жеткізеді.

Жан ұшқанда, бос қалар үй – денесі,
Қайда екенін білер тек жан егесі [7, 178].

Ұлы Абай да бұл хақында жан мәңгі, ал топырақтан жаралған тән қайтадан топыраққа айналатынын айтады.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «Менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастаң,
«Менікі» өлсе, өлсін, оған бекі [8, 248].

Шәді ақын дастанда әрбір адам жаны шығар мезгілде тілін кәлимаға келтіру керектігін қатаң ескертеді.

Пенденің жаны қиналып үзілер шағында төсекке арқасынан жатқызып, Ясин сүресін қарағат қып оқып отыру ләзім, – дейді шайыр дастанда.

Дастанның «Өлер халде шайтанның ағуа қылғаны» деп аталатын тарауында Шәді пайтан лағнеттің адамның соңғы демі біткенше оны өзімен имансыз қып алып кетудің әрекетін жасайтынын баяндайды.

Ол пенде бұл айтқан сөздерді қабыл алмаса, кесемен мұздай шарап қолына алып қасына келеді. Адам ол кезде өте қатты сусап жатады. Пенденің қиналғаннан бауыры күйіп, суыңнан маған бергін», – деп сұрайды.

Сонда малғұн шайтан:

Жаратқан құдай жоқ деп аузыңа алғын,
Суымнан кеседегі берейін тез [5, 105].

Осылай әр тараптан келіп пендені алдап азғырады. Егерде ол пенденің көкірегінде иманы болса, мұның шайтан екенін түсініп, алдауына түспей, азғыруына ермейді. Ал мұндай сыннан, яғни шайтанның соңғы сәттегі азғыруынан аман-есен өту үшін әрбір адамға өлімге дайындық жасау керектігін Шәді шайыр еске салады.

Шайыр дастан арқылы бес күн жалған өмірде дүние-мал жиып, атақ, мансап арқаламай, тек иман жинау керектігін, артыңа өнегелі иманды ұрпақ қалдыру керектігін насихаттайды. Өйткені, мал-мүлік дәулетің осы дүниеде қалады. Ал, өнегелі ұрпақ тәрбиелеп қалдырсаң, артыңнан Құран бағыптап, сені еске алады.

Дүниеде ажал жетіп өлсе әр жан,
Тірінің дұғасына болады зар [5, 126].

Осыған байланысты Шәді шығармада Қилаба деген бір адамның басынан өткен хикаяны баяндайды.

Бұдан ұғынатынымыз адам баласы дүниеге ұрпақ әкелгендегі мақсаты – соны дұрыс жолмен иманды етіп тәрбиелеп, артыңа қалдыру екен. Сол өсіріп тәрбиелеген ұрпағының нәтижесін адам екі дүниеде де көреді. Ақынның бұл хикаяны баяндаудағы негізгі айтпақ ойы - осы.

«Шайтанның Расулуллаһпен үмметке дағуаласқаны» деп аталатын тараушасында әзәзіл шайтанның дүниеде алдауына ерген күнәһар үмметтерді тозаққа ертіп бара жатқанда Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)-ның арашаға түсетіні әсерлі суреттеледі. Екі дүниенің шамшырағы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) күнәһар үмметтерін тозақтан арашалап қалады. Дәл осы көрініс Мәшһүр Жүсіп шығармаларында да кездеседі.

Бұл жерде момын мұсылмандардың күнәдан арылуды тілеген ниеттері, жылаған көз жасы кейін махшар майданында тозақ отынан сақтайтын күш ретінде бейнеленеді.

Дастанның бұдан кейінгі бөлімдерінде адамның қабірге түскендегі хал-ахуалын баяндайды. Жақсы құлдың қабірдегі жағдайы, күнәһар құлдың қабірде қалай азапталатыны өз кезегімен суреттеледі. Ақын дастан арқылы «Өлместен бұрын өл» деген идеяны айтады. Яғни бес күн жалған өткінші мынау өмірде әрбір адам баласы қызылды-жасылды баянсыз, алдамшы нәрселерге бой алдырмай, артыңа жақсы ұрпақ қалдырып, Алланың бұйырған істерін орындап, тиым салған нәрселерден бойын аулақ ұстап, мәңгілік өкініште қалмау үшін ақыреттің қамын көп ойлау керектігін насихаттайды. Бұл көзқарасты діни ағартушы ақындардың шығармаларында жиі кездестіруге болады. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жалған туралы» деген өлеңінен осы сарынды байқауға болады.

Өлімнің өлмей бұрын, қамын ойла,
Абайсыз жүргеніңде ажал жетер! [9, 268-269].

Шәді ақынның шығарманы жазу барысында діни кітаптарды көп оқығанын көреміз. Дастанда пайғамбар хадистеріне негізделген жыр жолдары да аз емес. Ол Исламның Алланың ақ жолына шақыратынын біліп, дастаны арқылы Хақ дін – Исламды уағыздайды.

Шығыстың классикалық әдебиеті мен қазақтың ауыз әдебиетінің қайнар бұлағынан сусындап, нәр алған Шәді Жәңгірұлының діни дастандары бүкіл мұсылман әдебиетіне ортақ қазына десек артық айтпаған болар едік. Ақынның діни дастандарында көркемдік қиял мен әпсаналық, аңыздық желіге де белгілі дәрежеде орын берілген. Бірақ түпкі мақсаты – адалдықты, тазалықты, шынайылықты, имандылықты, ақиқатты дәріштеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.
2. Қыдыр Т. Ортағасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің қалыптасуы: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2005. – 170 б.
3. Қансейітова Э. Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт. (XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезі): филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2005. – 146 б.
4. Мәдібаева Қ.Қ. Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуы мен зерттелуі: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2006. – 323 б.
5. Ахуал қиямет. Діни аңыз жырлар. – Алматы: Алаш, 2005. – 312 б.
6. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: Мұраттас, 1993. – 262 б.
7. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік (Ауд. А.Егеубаев). – Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
8. Абай. Шығармалар. Алматы: Мөр, 1994. – 415 б.
9. Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2004. – 4 т. – 535 б.

REZUME

ZH. ABDIGAPPAROVA (Turkistan)

NAZIRA TRADITION OF TURKIC POETRY IN THE WORKS OF SHADI

The article deals with the Nazira tradition of Turkic poetry in the works of Shadi.

К.А.ГАББАСОВА

ВРЕМЯ И ПРОСТРАНСТВО КАК СОСТАВЛЯЮЩИЕ ОБРАЗНОГО МИРА В
ПОЭЗИИ ГАБДУЛЛЫ ТУКАЯ

Мақала ұлы ақын Ғ.Тоқай поэзиясындағы әдеби категорияларды зерттеуге арналған. Яғни Ғ.Тоқай шығармашылығындағы түрлі көркемдік-эстетикалық аспектілерді – хронотоптар (уақыт пен кеңістік), мифологиялық салт-дәстүрлер, діни көзқарастар мен әлеуметтік және ұлттық мәселелерді қарастырған.

Makalede ünlü şair M.Tokay eserlerinde edebi kategorileri araştırılmıştır. Yani eserlerin estetik, geleneksel ve dünya bakışları unsurları açıklanmıştır.

В последнее время при анализе художественного произведения считается важным принимать во внимание такие категории, как пространство и время. Ведь пространство – это место, где протекает жизнь персонажей с их бытом, обстановкой, манерой поведения и т.п. А время – это во-первых, историческое время, определяющее структуру жизни любого круга людей в тот или иной период; во-вторых, реальное, бытовое время жизни героев, его длительность, напряженность; в-третьих, время повествования, т.е. рассказывания о происшедшем [1, 110].

Исследователи, отличают точечные, плоскостные или объемные виды пространства, исторические, бытовые, биографические, элементарно биологически-возрастные временные типы [2, 303], «пульсирующее время» (Степанов 2001: 264), «сжатое пространство» и «утекающее («утраченное время»)» [3, 520]. Но основным в художественном тексте остается замкнутое пространство и линейное, циклическое (круговое) время.

Вопрос о художественном пространстве и времени в поэзии Габдуллы Тукая не был до сих пор предметом научного рассмотрения за исключением нескольких статей. У каждого поэта свои отношения со временем. Чтобы определить специфику мировидения татарского поэта, нужно восстановить круг основных представлений, выраженных в его поэзии.

Семантические поля «пространства» и «времени» охватывают все творчество Габдуллы Тукая. В стихах поэта наличествует время биографическое (детство, юность, зрелость), историческое (характеристика смены эпох и поколений, крупных событий в жизни общества), календарное (смена времен года), суточное (утро-вечер, день-ночь), которое позволяет представить соотношение прошлого, настоящего и будущего и представление о движении, динамике и неподвижности. Категории пространства, времени, движения являются средством выражения конструируемого художественного мира Тукая и навеяны социальными, историческими событиями и идеями, под влиянием которых создавались произведения.

Модель времени, выявляемая в текстах Г.Тукая, очень специфична. В его стихах отмечаются разные значения слова *время*. Это и «эпоха», и «вселенная», и «загробный мир» и некоторые другие. Как правило, с настоящим временем связана отрицательная оценка, грустные, болезненные ассоциации («Разбитая надежда 1910», «Враги 1912», «Узник 1906» и др.). И с будущим временем связана надежда на лучшую жизнь, будущее предстает светлым («Надежда 1908», «К свободе 1908», «Колебания и сомнения 1909» и др.).

Поэт до конца боролся за социальное равенство и национальную самодостаточность. Раскрываются образы революционной России, татарского народа, усиливается драматическое восприятие и личной, и общественной жизни. Революция 1905-1907 годов способствовала дальнейшему раскрепощению татарского поэтического мира, утверждению идеала свободы личности и народа. Вхождение в исторический поток, в «психологию» революции серьёзно осложняло идейно-эстетическую поэзию татарского поэта и его лирического героя [4, 227].

В творчестве Г.Тукая отмечается довольно редкий феномен «остановленного времени». Например, в произведении «Летняя заря (1910)» величаво, победно и в то же время очень тихо восходит алая заря, словно медленным восхождением хочет подчеркнуть свою значимость. Далее, взгрустнув, переживая, лениво садится белая луна. Привлекает внимание и удачное сравнение опустошённости полей с одеждой – чёрным чапаном (деталь). Озёра также оживляются, они, наконец-то, дождавшись дня, засветились зеркалами, маня своим волшебством. Улыбаются цветы и травы, притом не просто улыбаются, а смеются и радуются восходящему дню. И щебечут соловьи, заливаясь одическими песнями, словно проливной дождик. Нетрудно догадаться, о чём они поют: о красе летнего дня, о прелести природы. В то же время, словно лебеди, застыли в синем небе облака. Спрашивается, зачем? А чтобы сверху, так виднее, поглядеть на природную утреннюю красу. Сравнение облаков с лебедями придаёт этому образу воздушность, лёгкость и чувство полёта. Г.Тукай вновь не ограничивает пространство. Всё это происходит в один миг, в короткий временной отрезок восхождения зари. И потому поэт просит остановить время и успеть запечатлеть в своей памяти это прекрасное мгновение. К тому же Г.Тукай настолько умело изобразил саму летнюю зарю, что можно догадаться, что заря взопла, а приятный утренний ветерок (деталь) до сих пор греет душу читателя [5].

Круговое (концентрическое) построение одновременно означает и наличие границы и круговое (сферическое) построение определенного пространства. Такая картина мира несет в себе информацию о его модели, которая отражена и исходит из религиозных воззрений (ислама). Изображение природы в поэзии Г.Тукая проходит и через религиозно-онтологические коннотации, мотивы. Ислам играет огромную роль в становлении личности поэта.

Одна из важных черт пространственного видения Г.Тукая – это ориентация «верх-вниз». Вертикаль (небо, горы и т.п.), представляющая собой путь к Богу, и горизонталь (равнина, море, лес и т.п.), через которую поэт ищет путь к прогрессу или другим общественным идеалам.

Исследователь Г.Гачев, рассматривая «вертикальный» и «горизонтальный» типы ориентации в окружающем пространстве, приходит к выводу, что в России преобладают горизонтальные идеи, а житель Востока более причастен к выси мира [6, 18]. Г.Тукай в философско-поэтическом осмыслении является посредником двух пространств. В нём сосуществуют как вертикальные, восточные мотивы, так и горизонтальные, «русские» тенденции. Несмотря на то, что восточных мотивов у Г.Тукая было больше, его природа была ближе к русскому пейзажу (имеется в виду местный ландшафт), чем к восточно-средиземноморскому.

В стихотворениях Г.Тукая пространство состоит из двух ипостасей: мира, эмпирически данного, реального и мира таинственного, сказочного. Посредством контрастного построения бытия поэт изображает противостояние реального и мифологически вымышленного, где второе считается противоестественным и становится зоной зла, а бытовое пространство приобретает статус нормы. Вторжение сил инобытия является неприемлемым по эту сторону действительности. В художественном пространстве явно выделяются несколько топосов (Кырлай, Казан, Чабаксар, Спас, Тәтеш, Мамадыш, Кабан, Чар, Малмыж и др.) Разнообразный корпус пространственной топонимии позволяет ощутить героя включенным в различные пространства: реально заданные и мифические («Шурале 1908», «Су анасы 1908» и др.).

В творчестве Габдуллы Тукая отражена и тема циклического календарного обновления природы (календарного времени). Надо заметить, что сезонная дифференциация пейзажей играет значительную роль в поэзии. С каждым временем года сопряжен особый комплекс изобразительных средств (антропоморфизация, персонификация, метафоризация и др.) В поэтическом творчестве Г.Тукая активно представлены все времена года: зима, лето, осень, весна. Но в хронологическом отношении поэт больше ориентирует своё внимание на осенние и весенние мотивы. Причём эти два сезона постоянно друг другу противопоставляются. Осеннему пейзажу соответствует грусть, грязная желтизна и увядание природы. Словно мир природы сочувствует и сопереживает лирическому герою. Уже в ранней лирике Г.Тукай негативно относится к осени. «Осень 1906» – одно из стихотворений, раскрывающих проблемы татарского народа. Образ осеннего ненастья символически передаёт психологическое состояние лирического героя.

Весна, наоборот, любимое время года поэта. Очеловеченный мир в образе весны находится в гармоничном единстве с внутренним миром лирического героя. Так, весне соответствует ликование природы, свежесть и

радость. Мотивы «весенних» стихотворений являются семантическими ключами ко всей поэзии Г. Тукая. Прежде всего, весна Г. Тукая, порождает мотив определённой надежды во времени, это оживание природы, конец холодам, надежда на лучшее, ожидание чего-то светлого («Весна 1907»). Воссоздание смены времен года, дня и ночи вносит в поэтический контекст ощущение замкнутого мира, движения времени по кругу, стабильности.

В пейзажах Г. Тукая просматривается удивительное умение видеть время в пространстве («Вчера и сегодня 1910»). Художественное пространство и время обладают изобразительными возможностями ввиду их знаковой, пластической, символической природы и выражают определённый смысл [2]. Прослеживая короткий «круговорот времени», Г.Тукай подмечает и поэтизирует изменения в природе и в самом себе за одни сутки. Если вчера день был унылым, некрасивым, то сегодня он прекрасен. Романтическое двоемирие, происходящее в одни сутки, показывает тоску автора по чистой духовности, стремление к идеалу.

В стихотворении («Валлахи 1912») Г.Тукай продолжает воспевать элегическое настроение. Олицетворение степи продолжает пение птиц. Предстает и образ воздушных облаков, только в другом амплуа: облака кочевые, как казахи. В стихотворении расширяется пространство. Казахи – народ, который изначально живёт в гармонии с природой осознавая взаимозависимость всех её составляющих элементов и собственных действий. Скользящие по небу полупрозрачные перистые или плотные кучевые облака, легко меняющие форму по прихоти несущего их ветра, олицетворяют аморфность, неясность и изменчивость, отмечая зыбкую границу между материальным и духовным мирами. Г.Тукай тем самым подчёркивает гармоничность этого произведения. Уже внутренняя форма стихотворения рождает идею гармонии с человеком. У Г.Тукая раскрывается способность охватывать взором огромные пространства (по выражению Д.С. Лихачёва, «ландшафтное зрение»). Разомкнутость, открытость, освящённость, движение пространства вселяют оптимистические чувства, рассеивают сомнения в произведениях поэта.

Пространственная картина мира Г.Тукая более значима. Габдулла Тукай создает и некое, условно говоря национальное пространство. При этом созывает обратить внимание и на другие нации, на их национальные проблемы.

Обращаясь к будущему или современности, поэт естественно не придерживается определенных пространственно временных законов. Вот почему поэт актуален и на сегодняшний день, он отчасти дает решение как нравственных, национальных проблем, так и социальных. Почти в каждом произведении присутствует посыл, обращение к читателю. Духовное наполнение художественного пространства, осуществляется благодаря глубинному синтезу мировидения Г.Тукая.

Таким образом, литературные произведения Г.Тукая пронизаны временными и пространственными представлениями, бесконечно многообразными и глубоко значимыми. Г. Тукай, как поэт-художник изображает широкое художественное полотно как объективированное пространство. За счет чего перед читателями предстают границы всего крупномасштабного тюркского мира.

БИБЛИОГРАФИЯ

1. Эсалнек А.Я. (2004), Основы литературоведения. Анализ художественного произведения: Практикум. – 2-ое издание / А.Я. Эсалнек. – М.: Флинта, Наука: 216.
2. Бахтин М.М. (1975), Вопросы литературы и эстетики: исследования разных лет / М.: Художественная литература: 303- 306.
3. Ирза Н. Д. (1997), Хронотоп // Культурология. XX век: словарь / Сост., гл. ред. С. Я. Левит. С.-Петербург: Университетская книга: 518-520.
4. Халит Г. (2003), Поэзия / История татарской литературы нового времени (XIX-начало XX в.) / Рук. автор. коллектива и науч. ред. Г.М. Халитов / Г. Халит. – Казань: Фикер: 223-233.
5. Габбасова К.А (2010), Изображение природы в поэзии Габдуллы Тукая: монография. – Казань: Институт истории АН РТ: 132.
6. Гачев Г.Д. (1988), Национальные образы мира: 460.

REZUME

K.A.GABBASOVA (Ufa)

TIME AND SPACE AS THE MAIN CONCEPTS OF IMAGE WORLD IN THE POETRY OF GABDULLA TUKAY

The article is devoted to such literary categories, as space and time in poetry of great poet Gabdulla Tukay. In a continuum of poetic creativity of G.Tukay we observe the use of various art-esthetic aspects among which differ hronotops (space and time), toponymic themes, mythological traditions, religious views and social and ethnic questions. For the listed categories the certain notion of time is peculiar: cyclic, linear, psychological etc. The poet observes tradition of use of elements (household, mythological), characteristic for each of hronotops. Diverse characteristics sensual apprehend G.Tukay's environments (linear, plastic, spatial, time), being synthesized in a single whole, allow the reader to reconstruct an individually-symbolical picture of Turkic world.

С.ӘБУШӘРШ

ЭТНОСТЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

В статье рассматриваются теоретико-методологические аспекты исследования природы и истории этноса. В ней этнос рассматривается не только как социально-культурная общность. Сделана попытка показать его биологические механизмы этнической симпатии и предрасположенности к этническим ценностям.

Makalede halk ve çevre arasındaki ilişkiler ve bu ilişkilerden ortaya çıkan bazı halk değerleri sözkonusudur.

Өткенді білу бүгiнiмiз үшiн керек, сондықтан ол өзiне бiздiң назарымызды әрдайым аудартып отырады. Бiздiң жадымыз мағынасы бар нәрсенi сақтайды. Әсiресе, Ел басқарған жандардың өз халқының тарихынан, этностық ерекшелiктерiнен хабары мардымсыз болса, олар көп қателiк жiберiп алады. Ағылшын ғалымы Г.С.Боллингброк «История – это философия, которая учит нас с помощью примеров», – деген едi [1]. Ал, неміс ғалымы И.Г.Гредер «Пространства полны мудрости, человек сотворен, чтобы искать порядок,... чтобы грядущее строить на прошедшем – иначе зачем человеку память, зачем воспоминания», деп жазған [2]. В.В.Алексеев айтқандай, тарихи тәжірибе – бұл ұрпақтардың iскерлiктерi мен бiлiмдерiнiң сабақтастығы, өткендегi әлеуметтiк практиканың жинақталған және қазiргi заман мәселелерiнiң шешiмiн табуды қамтамасыз ететiн социум қызметiнiң бейнеленуi. Жалпы, ұлт болып тұтасуымыз үшiн, ұлттық санамызды ояту үшiн, өткеннен сабақ ала отырып, қазiргi жағдайымызды жақсырақ түсiну үшiн төл тарихымызға, яғни ата-бабаларымыз тарихына және этностық құндылықтарымызға деген құштарлығымызды үдете түсуiмiз қажет.

Зерттеу жұмысының мақсаты тек әлеуметтiк-саяси сұраныспен ғана емес, сондай-ақ тарихшылар мен этнологтардың ұстанған құндылықтарының жүйесiмен, дүниетанымымен, ұлттық сана-сезiмiмен анықталады. Осыдан барып зерттеушiлердiң түрлi методологиялық ұстанымдары айқындалады. Дегенмен де, олар саясаттан тысқарыда тұра алмайды. Сондықтан зерттеу жұмыстары ұлттық мүдделерге қызмет етуi тиiс. Керiсiнше болған жағдайда, зерттеушiнiң пиғылы терiс, зерттеу жұмысының түбi шикi болады. М. Ломоносов «...Историю России должны писать природные россияне» [3] деп бекерге айтпаған ғой. Шынында да, ұлттық өмiрдiң нәрiмен сусындаған жандар ғана өз халқының тарихын жетеқабыл жаза алады, өткен дәуiрдi, оның «заттылығын» түйсiне алады. Бұл ретте А.Н.Толстой былай деп жазады: «Каким образом люди далекой эпохи получились у меня живыми? Я думаю, если бы я родился в городе, а не в деревне, не знал бы с детства тысячи вещей – эту зимнюю вьюгу в степях, в заброшенных деревнях, святки, избы, гаданья, сказки, лучину, овины, которые особенным образом

пахнут, я, наверное, не мог бы так описать старую Москву. Крутины старой Москвы звучали во мне глубокими детскими воспоминаниями. И отсюда появлялось ощущение эпохи, ее вещественность» [4]. Әрине, қоғамдағы өзгерістер мен процестерді идеологиялық жағынан қамтамасыз ету – тарихшылардың, этнологтардың, философтардың қасиетті міндеті. Г.Трейки олар ғылымның барлық мүмкіндігін өз елінің қажетіне жаратуы керек дейді [5].

Зерттеуші тарихшы мен этнолог өткенді өзінің өмір сүріп отырған кезеңінің әлеуметтік талап-тұжырымдамалары мен идеологиялық құрылымдарына арқа сүйей отырып, белгілі бір интеллектуалдық модельдерге айрықша ықыласы ауып түсіндіреді. Демек, тарихи білім шындықты бейнелеуде әрқашан шартты және субъективтік сипаттас болады. Мұнда деректердегі олқылықтарды көрсете отырып, олардың түпнұсқалық мағынасын қалпына келтіру маңызды. Бірақ бұл материалдар зерттеу объектісінің бір бөлігі ғана болып табылады, өйткені ол объект бір бүтін ретінде баяғыда-ақ жоқ болып кеткен және ол тарихшының қалпына келтіре алған өлшемінде ғана бар деуге болады. Демек, тарих жөніндегі біліміміз – бұлар зерттеушінің мәліметтерді іздеп табуы арқылы саналы түрде қалпына келтіруге болатын қауымның өткен тарихының бір бөлігі ғана. «Такая сложная наука, как история, где прежде чем формулировать вывод, приходится, обыкновенно накапливать факты миллионами... Историческое построение не делается прямо по рукописям, точно также как история «не пишется по рукописям» на одном и том же основании – ради сбережения времени чтобы двигать вперед науку нужно комбинировать выводы, добытые тысячами частичных работ» [6].

Тарихшы өзінің алдына саяси жағынан мемлекеттік құрылымдар дамуының негізгі кезеңдерін бейнелейтін маңызды оқиғаларды, жалпы алғанда, қоғамдық динамиканы зерттеуді мақсат етіп қояды. Әрине, оқиғалармен бір қатарда адамдардың мінез-құлқы, тәртіп-тағылымы, жеке тұлғалардың қоғам өміріндегі рөлі назардан қалыс қалмайды. Сондай-ақ, әлеуметтің рухани тұрмысы да қамтылуы тиіс. Италиян тарихшысы және философы Бенедетто Кроче (1866-1952) позитивизмге тән болған тарихқа деген натуралистік көзқарас зерттеудің ауқымын шектейді, сондықтан мақсат оқиғалардың хроникасын беруде емес деп, сезімдер мен рухани өмірдің тарихы ретінде түсінілетін ұлттық тарихты жазудың қажеттілігін тұжырымдайды [7]. Ол әрбір халықтың рухани дамуының сабақтастығы мен үздіксіздігін айқындауға ұмтылып, тарихты өткен мен қазіргі жағдайдың органикалық байланысы ретінде түсіну керек дейді.

Тарихи объективизмнің жеңіске жетуі үшін тарихшы болған уақиғаны ыждаһатпен мұқият баяндауы керек. Мұнда деректердің алуан түрін пайдаланған жөн. Тақырып жөнінде толық ақпарат беретін материалдар жиналып, олар талданып, әріптестердің қолы жеткен жетістіктері толық игерілуі керек. Сонда тарихи шығарманың құндылығы арта түседі. Жазба

және вербальдық емес деректер өткен замандағы құндылықтар жүйесін түсінуге жәрдемдеседі. Ағылшын тарихшысы және философы Р.Дж. Коллингвуд айтқандай, дүниедегі нәрсе мен құбылыстардың баршасы бір нәрсенің белгісі мен әлеуетінің куәлігі болып табылады [8]. Тарихи танымның объективтілігі мен ғылымилығы тарихшы мен этнологтың өте биік кәсіпқойлығымен, деректерді қатаң сыни талдау жасау арқылы, синтетикалық процедуралардың ережелерін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Тарихшы өткендегі идеялар мен оқиғалар тізбегі жөніндегі мәліметтерді жинақтай отырып, белгілі бір жағдай, зат, іс-әрекет, тіпті сөздің қазіргі заман үшін қандай маңызы бар деген сұраққа жауап іздейді. Осылардың негізінде тұжырымдалған идеялар, сондай-ақ әлеуметтік тәртіп, мінез-құлық, саяси институттар мен құндылықтар нормаларының ықпалымен ғана емес, бұқаралық психология, иррационалдық сезімдер мен түсініктер арқылы қалыптасқан бағдарламалар тұтас халықты жүздеген жылдар бойы орныққан құндылықтар жүйесінен бас тартқызып, оларды белгілі бір идеологияның қолдаушыларына айналдыра алады.

Тарихи ортада, әлеуметтік, саяси, діни және мәдени мәнмәтіндерде туылатын, таралатын, дамитын идеяларды зерттеудің маңызы зор. Мұнда мәдениеттану мен интеллектуалдық тарих қосылып бір бүтіндікті құрайтын болады. Бұрынғы идеялардың қайсыбірі бұқаралық санада қабылданып, орнығып қалғандығын және олардың орнын, әсіресе шұғыл бетбұрыстық кезеңдерде жаңа идеялардың басуы мен таралуының жолдарын-тәсілдерін зерттеу аса қажет. Мысалы, дін тарихының өзі шіркеудің немесе шіркеудің ресми доктринасының, тіпті оппозиция ретіндегі діни секталардың тарихы емес. Бұл – жеке-даралық топтар мен жалпы алғандағы руханилардың бағдарларын анықтайтын сенімдер және мұраттардан құралатын діни сана мен діни ойлау жүйесінің тарихы.

Бір қарағанда саяси лидерлер мен партиялардың іс-әрекеттері тудыратын оқиғаларды көптеген түрлі фактілерді есепке алмастан түсіндіруге болмайды. Өткеннің кез келген құбылыс, оның атқарған әлеуметтік функциялары тұрғысынан бағалануы керек. Деректердегі мәліметтердің толыққандылығы, шынайылығы анықталып, олардың пайда болған нақты әлеуметтік-тарихи жағдайы есепке алынуы қажет. Барлық деректерде, оларды жасаушылардың түсінігі, көзқарасы мен мұратының іздері көрініс тауып жататындықтан, деректер қарастырылып отырған дәуірдің мәдениетінен хабардар етеді. Мәтіндердегі басымдықтар, жорта айтылмаған жәйттер мен баяндаудағы мағыналық екпінділікті анықтайтын идеология элементтерін барлық деректер өздерінде сақтайды. Тарихшы әрдайым нақты да, бірегей уақиғаларды зерттеуді дiттейдi. Бұл ретте уақиғаның тарихи бағалануы абсолюттi түрде объективтi және толық, жан-жақты, жеткiлiктi болуы мүмкiн емес. Тарихи санада өткеннің құбылыстары әрқашан қоғам үшін өзектi саналатын идеялар мен түсініктердің ықпалымен қалыптасады. Өткеннің бейнесі – бұл,

қаласақ та, қаламасақ та, үнемі біздің мүдделеріміздің бейнеленуі. Әрине, нақтылықты емес, құбылыстардың жалпы ерекшеліктерін көрсетуге деген талпыныс – шынайылыққа жақындататын үдеріс. Тарихшының ой тұжырымдалуына қозғау салатын нәрсе – құжаттың өзі саналады. Ойда бейнені тудыру мен алынған фактілерді топтастыру өткенді қазіргіге ұқсата тұжырымдау арқылы жүзеге асырылады.

Оқиғаларды көзімен көріп, сол қоғамда өмір сүріп отырған тарихшылар немесе замандастар олардың, жалпы алғандағы қоғамның жағдайының толыққанды және жан-жақты сипаттамасын беруге қабілетсіздік танытады. Олар, әдетте шындықтың жекеленген жақтарына бірсарынды қарап, басқа құбылыстарға ықылас білдіре қоймайды. Қалай болғанда да, олардың тарихи уақытты объективті түрде және шеттен тұрып бағалауы қиындау кешеді, өйткені олар осынау заманның шындығымен шырмалған ғой. Бұл ретте Лукианның мына бір пікірімен санау керек-ақ: «Единственное дело историка – рассказать все так, как оно было. А этого он не может сделать, если боится Артоксеркса, будучи его врагом, или надеется получить в награду за похвалы, содержащиеся в его книге, пурпурный кафтан» [9]. Ал, кейінгі ұрпақтардың өткенді риясыз, әділсіз тануына мүмкіншіліктері бар. Олар оқиғаларды, адамдардың іс-әрекеттерін, адам өмірінің жеке-даралық көріністерін кеңірек көлемде көре алуы, оқиғалардың алғышарттары мен салдарларын айқындай алуы мүмкін. Бірақ олардың да бағалауы құбылыстардың «шынайы мағынасының» абсолютті дәлме-дәл сипаттамасы бола алар ма екен? Мұнда тарихи құбылыстар жөнінде ой қозғаған тоғышар да, кәсіби-зерттеуші де көптеген өзара байланысқан фактілер мен факторларға тап болуы мүмкін: бірақ олардың тізбесі мен әрқайсысының рөлінің бағалануы – әр түрлі болады. Яғни қарастырылып отырған оқиғаларды тудырған тарихи үдерістердің мағынасы бірдей бағалана бермейді. Оқиғалардың мағынасын анықтау олардың себеп-салдарын зерттеумен байланысты. Сонымен бірге өткеннің оқиғалары қашан да болса айрықша тарихи мағынаға ие ме? Немесе олар түрлі жағдайлардың кездейсоқ тоғысуының нәтижесі ме деген сұрақтардың қаумалайтыны рас. Мысалы, римдіктер Римнің құлауын варварлардың басқыншылығымен байланыстырса, герман халықтарының жадында бұл оқиға герман тайпалары тарихының ұлы да, қаһармандық кезеңі ретінде қатталған. Кеңес Одағының ыдырауы жөнінде де осыны айтуға болады. Әңгіме фактілердің мән-мағынасын қаншалықты шынайы ашып бере алуда екен.

«Факт» ұғымы болған жайтты білдіреді және сол жөніндегі мәліметтердің сенімді екендігін көрсетеді. Жекеленген тарихи фактілерді талдауға қаратылған Фактологиялық Тарихтың нәтижелері негізінде ауқымды теориялық тұжырымдар жасалынады. Эмпирикалық ғылым ретіндегі тарих өткеннің фактілерін анықтайды, сипаттайды, классификациялайды. Теориялық тарих тарихи процессті жүйелі түрде, ішкі құбылыстар мен сыртқы факторларды қабыстыра, қоғамның саясатын, шаруашылығын,

әлеуметтік қатынастарын және халықтың рухани өмірін байланыстыра отырып зерттеуді дiттейдi. Сонда ғана өткен заман туралы объективтi көзқарасты қалыптастыруға мүмкiндiк туылады. Ол тұтастай алғандағы қоғам дамуының және жекеленген объектiлердiң заңдылықтарын қарастыруға бағытталған. Ал, қарапайым тарихи санаға мыналар тән: қайшылықтық, үзiк-үзiктiк, жүйесiздiк, көтерiңкi эмоционалдылық, енжарлық және т.б. Этнология мен этнография жөнiнде де осыны айтуға болады. Этнографиялық iзденiстерге сипаттау тән, ал этнологтар тұжырымдауға ден қояды. Әрбiр этнос өзiнiң этномәдени вариантын немесе, басқаша айтқанда, өзiнiң ұлттық мәдениетiн қалыптастырады. Жалпы алғанда, этнология (ол этнос жөнiндегi ғылым) – тарих, философия, дiнтану, психология, география және биология пәндерiнiң түйiскен тұсындағы ғылым.

Әсiресе, халық аңыздары, ертегiлерi мен әндерiнде құнды мәлiметтер сақталынады. Бұларды сақтықпен пайдалану, тереңдете талдау қажет болады. Дерек ретiнде белгiлi бiр кезең мәдениетiнiң мағынасын бейнелеген кез келген тарихи куәлiктi бағамдаудың артықшылығы жоқ. Жетi атаның арғы жағындағы тарих жөнiндегi шежiрелер күнгiрттеу мәлiметтердi бередi. Бiзден алыс, арғы дәуiрдiң мән-мағынасы фольклорда көрiнiсiн тауып жатады. Онда қауым тiршiлiгiнiң рухы жалпыластырылған түрде бейнеленедi.

Әдiс мәселесiне келсек, жалпыфилософиялық ұстанымдарды басшылыққа алған жөн. Мұнда табиғат ғылымының әдiстерiмен көп әуестенудiң қажетi шамалы. Себебi, тарихшы зерделенуi тиiс оқиғаны тiкелей бақылай алмайды. Өйткенi, ол әлдеқашан өтмiшке айналып қалған ғой. Сондықтан зерттеушi тарихтың сыни қағидаларын басшылыққа ала отырып, ойды тұжырымдау жолымен әрекет етедi. Тарих ғылымындағы таным теориясы жан-жақты қарастырылып, оның ұстанымдары нақтыланбай кез-келген тарихи процесстi объективтi түрде баяндау қиын. Әсiресе, қолға алынып отырған тақырыптың немесе бiр жобаның басында мәселенiң теориясы мен методологиясын дәйектеп беру – объективтi түрдегi тарихты жазудың айнымас кепiлi. Осы қағидалы ерекше құрмет тұтқанда ғана жақсы бiр жұмыстың төбесi көрiнуi мүмкiн.

Шпленгер тарихи танымның басты әдiсi iшкi интуициямен байланысты десе, Хейзинга тарих – халық мәдениетiнiң өткенiнен хабардар ететiн ғылым деп түйедi ойын. Әрине, интуицияға дем беретiн жоғары деңгей мен ғылыми әлеуеттiң шығармашылықты арттыратын рөлiнiң зор екендiгi белгiлi.

Тарихи уақиға белгiлi бiр кеңiстiкте, белгiлi бiр уақыт аралығында өрбидi. Сондықтан тарихи зерттеулер өркениеттiк теориялар тұрғысынан жүргiзiлуi керек. Батыс өркениетi, Шығыс өркениетi, Славян-орыс өркениетi, Ислам өркениетi, Түрiк өркениетi және т. б. дегендер табиғатта бар нәрсе. Сондай-ақ, монопәндiктен пәнаралық зерттеулерге ден қою маңызды. Жүйелiк теория, нарративтiк және герменевтикалық әдiстер туралы да осыны айтуға болады.

Тақырыпты зерттеудің әдіснамасын (методологиясын) сөз еткенімізде, оны жеке ғылымдық әдіспен тәндестіреуіміз керек. Әдіснама Қазақстан территориясында қалыптасқан мемлекеттер жөніндегі танымның барлық деңгейлері мен формаларының жалпы бағытын көрсетуге тиіс. Мұның өзі бұл реттегі ізденісті дәйектеу мүмкіндігін жетілдіре түсер еді. Әдіснама, сайып келгенде, Қазақстан тарихын жіті зерттеудің нысанасын дәл тануға негіз боп қаланатын бастапқы ғылыми қағидаларды қамтиды.

Этнос мәселесінің негіздемесін өркениеттік тұрғыдан анықтауға ден қойған жөн. Бұл ретте, мына авторлардың еңбектеріндегі тұжырымдардың маңызы бар деп білеміз. – Неміс тарихшысы Э.Бернгеймнің пікірінше («Тарих ғылымына кіріспе»), адамдардың материалдық және рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында жасалынған нәрселерді, әрине тарихи деректер ретінде пайдалануға болады. Ал, өткендегі оқиға, не болмаса құбылыс туралы өзінде белгілі бір мәліметтерді сақтаған бейнелеу материалдарының, сондай-ақ ауызша-жазбаша деректердің маңызы зор. Бірақ, олардың шынайылығын тексеріп көру керек, өйткені фактілер арадағы басқа бір адамдардың айтуымен жеткен болуы мүмкін [10].

Бұл айтылған пікірлер, мысалы, Шу қаған, Афрасиаб сынды және басқа қаған-хандардың тарихи тұлғалығы жөнінде ой таратуға қозғау салады. Ол жөнінде бір, екі немесе үш емес, көптеген айтылымдар мен дастандардың, әртүрлі аймақ-өлкелерде өмір сүрген авторлардың аузынан бірдей сөздің шығуы кездейсоқ жәйт емес.

И. Г. Дройзен «Тарих ғылымының негіздері» атты еңбегінде зерттеу ісі ұлттық тарих аясында жүргізілуі керек деп тұжырды. Әрине, ол эмпирикалық фактологияға да ден қоюды жақтап, жалпы тарихи дамудың әлеуеті күшейген сайын халықтар бірінің артынан бірі ілеседі деп көрсетті. Егер дәп қазір түрік халықтарының ішінен бірі локомотив болатындай даму әлеуетіне ие болса ғой, шіркін, біздер басқаша сөйлеп, басқаша бағдарлар мен құндылықтарды ұстанған болар едік. Батыстың батпағына батып, орыстың ой-ойраны мен орманынан жол тауып шығып алар едік қой.

Жоғарыда аты тілге алынған автор түкке тұрғысыз ғалымдықты-ғылымилықты сынап отырып, өткен оқиғалардың жанды байланыстарын іздеп табуға мән беру керектігін қадап айтқан [11].

К. Поппер, әлеуметтану – теориялық тарих дей отырып, әлеуметтанулық эксперименттің орнын статистика мен байқау, салыстыру мен аналогия басады, осылар арқылы оқиғалар түсіндіріледі деп көрсетті.

Неміс философы, тарихшысы, психолог В.Вунд үшін тарих – психикалық процестердің жиынтығы. Ол тарихты примитивті кезеңге, мәдениеттің даму кезеңіне, мәдениеттің толықтай даму кезеңдеріне бөлді.

Тарихи дамудың бірінші кезеңін ол примитивті адам кезеңі деп анықтай келе, бұл кезеңде аңшылық және терімшілікпен айналысқан, рухани өмірі магияға негізделген қауым өмір сүрген дейді. Екінші кезең – тайпаларға бөліну, әскери істің дамуы, соғыстардың белең алуы, тотемдік мәдениеттің

пайда болуы кезеңі. Ал, үшінші кезең – мемлекет пен діннің пайда болуы, солар негізінде нағыз өнер туындылары дүниеге келген кезең. Төртінші кезең гуманистік, философиялық, тарихи танымның пайда болған кезеңі [11].

Тарихтың мақсаты, – дейді В. Дильтей, – танымдық әдістің және білімнің әлеуетін мемлекет пен қоғамдағы жағдайларды реттеуге жұмсау, оларға әсер етуге бағыттау болып табылады [11]. Бұл оңай ғана іске асатын шаруа емес; ол мемлекет пен қоғам тізгінін ұстап отырған жандардың ой-өрісі мен жалпы алғандағы рухани дүниесіне байланысты болып, оң немесе теріс нәтижесін береді. Басшылық үнсіз қалған жағдайда тарихи таным халықтың санасына қаратылуы керек.

Француз ағартушысы Вольтер («Опыт о всеобщей истории и о нравах и духе народов. 1756 – 1769 жж.») тарихты «өркениет» тарихы деп бағалады. Ол мұнда мәдениет, салт-дәстүр, Шығыс пен Батыс халықтарының ойлау салты мен ерекшелігі басты мәселе болып табылады дей келе, тарихты адамдар өздерінің қасиеттеріне сәйкес жасайды деп білді. Сондықтан адамның санасы мен ақыл-ойын жетілдіруге айрықша мән беру қажеттілігін ұқтырды [11].

Неміс тарихшысы Э. Бернгейм («Учебник исторического метода». 1889) адам баласы қызметінің заттай деректері шынайы, дұрыс тарихи дерек алудың объективті негізі екеніне сенімді. Ол адам қызметі, оның санасының оянуынан өрбиді, тарихи үдеріс – адамдардың рухани, психикалық қызметінің жемісі деп тұжырымдады.

А.С.Лаппо-Данилевский «Методология истории» (1913) атты еңбегінде сана, қоғамдық идеялар міндетті түрде тарихи дамуға әсер етеді, оны тарихшы зерттеулерінде ескеруі керек деп біледі [12].

Бұл авторлардың барлық пікірлерімен толықтай келісе беруге болмайды, әлбетте, бірақ олардың тарих пен этнология ғылымдары қоғам, адам және олардың мінез-құлқы, қарым-қатынастары мен рухани әлемін зерттеу керек деген тоқтамының жөні бөлек. Бұл ретте, Ж.Артықбаевтың тарихи танымның өзегіне материалдық ескерткіштер емес, қоғамдық сана, әлеуметтік-мәдени құндылықтар... қойылуы тиіс деген пікірі біздің тарихшылар арасында күні бүгінге дейін тарала қоймағаны өкінішті-ақ. Тарихшы Н. Нұртазина да осы арнада сөз қозғайды [13]. Сондай-ақ, теориялық деңгейде ойлайтын философтардан да асырып айта алған тарихшылардың бірі – Х.М.Әбжанов. Ол былай деп жазады: «Біздің оқулықтарымызда күні бүгінге дейін экономикалық детерминизм, адамды қанау, соғыстар, жорықтар тарихы бірінші орында тұр. Мүмкін, алғашқы қауымдық құрылыс үшін бұл қалыпты жағдай шығар. Одан берідегі қоғамның ішкі өмірін тағылық пен жабайылық анықтаған жоқ... Ал, мінез-құлықтағы, дүниетанымдағы, әлеуметтік-демографиялық құрылымдағы өзгерістер жер мен көктей болатын. Соңғылары қазақ тарихының шығыршығын айналдыруға пәрменді әсер етті» [14].

Біздің пікірімізше, тарих ғылымы ұсақ-түйек, көр-жерді жіпке тізе бермей бүтін басты халықтың тарихи тағдырында бетбұрыстық кезеңге бастау болған оқиғаларды ажыратып алып, індетте зерттеуі тиіс. Біз Қазақ мемлекеттілігі мен мәдениетінің өрімдерін таратып айтып-жазуда осынау қағиданы берік ұстануымыз керек.

Бұл ретте біздің айтатынымыз мынау болмақ: зерттеу нысанына тікелей қатысты деректер мен мағлұматтардың шындығы мен жалғанын айыра білу, жақсы-жаманының парқын, құнды-құнсызын талғай білу – зерттеушінің талғам таразысы мен логикалық ой жүйесіне, сондай-ақ дүниетанымына, ұлттық сана-сезіміне байланысты. Ең қажеттісі – жинақталған бай деректер мен фактілер ішінен зерттеушінің көңіліне қонатынын, ойлау жүйесіне сай келетінін ғана емес, айтылуы қажетті шындықты айта алу қабілеті мен өресі.

Қазақстан аумағындағы табиғи-жағрафиялық факторлар ру-тайпалардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастарының, мінез-құлқы мен салт-санасының сипатын анықтаған еді. Бұл әдіснамалық ұстанымды қаперімізден шығармауымыз керек.

Дамудың тарихи сабақтастығы бұзылған жерде ілгерлеу болмайды. Кейбір еңбектерде «ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстанды мекен еткен этностар, мемлекеттік құрылымдар аспаннан түсе қалғандай баяндалады. Олардың арасындағы генетикалық, нәсілдік, тілдік, экономикалық саяси, рухани ортақтық, сабақтастық, жалғастық кешенді һәм қисынды ашылмаған күйде қала береді» [14]. Әсіресе тілі, ділі, діні бір түріктер мекендеген ата мекеннің әр жерінде династиялық сипат алып құрылған мемлекеттік ұйымды жалпы тарихи контекстен жырып алып дараландыруға әуестену ортақ тарихымызды сыңаржақ қарастыруға әкеліп соқтырады. Әрине, қазақ мемлекеттілігін зерттеудің өзекті мәселесі мемлекеттік биліктің түрін, мәні мен ерекшелігін әр кезеңге қарай анықтау болып табылады. Соған қарамастан, мемлекеттердің ғасырлар бедеріндегі дамуының ортақ желісінен көз жазып қалмауымыз керек. «Өйткені қоғамның барша мүддесі, тағдыры, күш-қуаты түйісіп, оң немесе теріс шешімін табатын жер мемлекеттік билік болған және бола береді. Адамзат тарихы мемлекеттік биліктің алмас қылышпай өткір құрал екенін қапысыз дәлелдеді». Ол Алп Ер Тонгадай кемелдің кемеліндей ғана тұлғаның яки тұлғалардың қолында жарқылдап елдің бойындағы дерт пен кеселді сылып тастауға пайдаланудан басқаға сілтенбеуі керек. Қазіргі заман Түрік мемлекеттерінің елбасылары ата-бабалардан қалған осынау ұлы дәстүрді ешуақытта да есінен шығармағаны абзал.

Танымның әдіснамалық ұстанымдары мемлекеттің мүддесіне, мемлекетті құраушы байырғы халықтың мүддесіне сай келуі объективті қажеттілік. Бұл басқалардың ренішін туғызбаса керек. Қазақстан тарихының мазмұнын, ерекшелігін әу бастан автохтонды тұрғындар, олардың төл мемлекеттері анықтаған. Байырғы халық пен оның мемлекетінің етене байланыстылығының тарихын адал ашатын методология бірінші орынға

қойылуы керек. Бұл қағидатқа жығылмаған зерттеудің түбі шикі, авторының пиғылы теріс [14].

«Түркістан», «турлар» сөздерінің Иран сияқты көрнекті елдердің жазба деректерде сақталуының өзі Тұран тайпалары бірлестігінің жай ғана ру-тайпалық деңгейде өмір сүріп қоймай, олардың елдік, мемлекеттік дәрежеге көтеріліп, оны өзгелерге таныта қоңсы елдермен қарым-қатынас жасағанын да көрсетеді. Тұранда тек парсы тілді тайпалар ғана емес, түрік тілдес бірлестіктердің аралас, іргелес өмір сүруі басым болған. Олардың арасында болған байланыстың ара қатынасы, бір-біріне тигізген саяси, экономикалық, мәдени және антропологиялық әсерлері жеткілікті зерттелуі тиіс. Қалай дегенде де турлар осы өлкенің барлық тұрғындарын, ру-тайпалары мен тайпалық бірлестіктерін қамтыған жиынтық атау түрінде бой көтерген. Ол – бірегей өлке, отан, ел атауы. Қала берді, біртұтас өркениетті бейнелейтін ұғым. Мұның өзі қазақ этносын осылардың аумағында қарастыруды дiттейдi.

Патшалық Ресейде салт-дәстүрлері мен тілдері аса жақын қарашайлар, құмықтар, балқарлар және әзербайжандар және жалпы түріктер татарлар деп аталған. Ал, тілі басқа кавказ халықтары: чешендер, ингуштер, лезгиндер өз атымен айтылған.

Сол сияқты турлар, Тұран және Түркістан сөздері елдің парсы тілдес ирандықтарға туыстас тайпаларына ғана емес, барша тұрғындарына қаратыла айтылған. Бұларға сақтар да кірген. Сақтар деген атауды да парсы жазбаларынан кезіктіреміз. Парсы жазуында «сака», ал санскрит тілінде (б.д.д. I мыңжылдықтардың орта шенінде белгілі болған деп есептелінетін «Махабхарата» мен «Рамаяна» поэмаларында) «шака» түрінде кездеседі. Бірақ сол сақтар өздерін қалай деп атаған, әрине, бұл жөнінде ешқандай мәлімет жоқ. Сақ жөнінде де шөлкестіктерге жол берілмеген деп кім айта алады. Әрбір халық өкілдерінің басқа халықты біліп-білмей, өзінше құбылтып атай беретін әдеті бар. Мысалы, 60-шы жылдары Саха жазушыларының әңгімелері тұңғыш рет қазақ тілінде жеке кітап болып жарияланып, оның аты «Жақұт әңгімелері» деп қойылыпты. Сонда сахаларды орыстар «Якут» деп бүкіл әлемді бір шатастырса, қазақтар орыстардан да асырып жіберіп, «жақұт» деп аяғын аспаннан бір-ақ келтірген. Біз якуттер деп жүрген сахалар өздерін «Саха сирэ» – «Саха жері» деп атайды. Қыпшақтар мен оғыздар орыс жылнамаларында «половцы» және «торктар» деп аталынған.

Халықтық этноним көп жағдайларда немесе жекеленген кезеңдерде тұрақсыз болып келетіні бар. Бірақ соған қарамастан этностардың діні, ежелгі мәдениет иелерінің тіршілігі мен қызметі бүгінге дейін тоқтаусыз жалғасып келген. Мысалы, қазіргі Өзбекістан территориясын мекендеген жұрт ертеде Тұран, Түрікстан, кейінірек Соғды, Хорезм, Шаш, Паркан, Бақтрия деп бөлініп-бөлініп аталған. Арабтардың қол астында болған кезде ол өлке Мәуараннахр деп аталды. Әмір Темір қайтадан Тұран деп түрлендірді (XIV–XV). Моғолдардың тұсында Шағатай ұлысы деп аталды.

XVI ғ. басында көшпелі өзбектердің бір бөлігі Шәйбани ханның бастауымен Батыс және Орталық Қазақстаннан Мәуәраннахрға барғаннан соң, бұл жердің тұрғындары бірте-бірте өзбектер деп атала бастады. Өзбек ұлысының Қазақстанда қалған көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары біржолата қазақтар деп аталатын болды [15].

Өзбек хандығына Қазақстан даласының көп жері – оңтүстік-батысында солтүстік Арал өңірі мен Сырдария бассейнінен бастап, солтүстік-шығысында Тобыл мен Ертіске дейінгі жерлер кірді. Онда жергілікті тайпалар (қыпшақтар, қоңыраттар, қаңлылар және т.б.) тұрды. Бұлардың бәрінің ол кездегі өздерінше атауы өзбек болатын [16].

Жоғарыда айтылған өзбектер – шынында да Өзбекстан жеріне XV–XVI ғғ. келіп, өзбек халқының құрамына қосылған көшпелі - өзбектер. Бұрыннан көшпелі өзбектердің атын иеленіп жүрмеген болса да, өзбек халқы олардың Өзбекстан территориясының отырықшы аймақтарына келіп табан тірегенінен ондаған жүзжылдықтар уақыт бұрын осы өлкенің өзінде түрік сипаттас этникалық қауымдастық ретінде қалыптасқан болатын. Бұл халықтың өз атын көшпелі өзбектерден алғаны рас, бірақ ол осынау өзбектер ауып келгенге дейінгі кезеңдерде-ақ өздерінің жоғарғы деңгейдегі мәдениетін көне түрік-соғды-хорезм өркениеті негізінде жасап үлгерген еді.

Сонымен, Мәуараннахрдың түрік халқының, сондай-ақ Соғды, Хорезм, Ферғана, Шаш тарихы өзбек халқының да тарихы болап табылады. Сондықтан да қос өзен аралығын мекендеген халықтың көпшілігін құраған Ферғана, Шаш тарихы өзбек халқының да тарихы болап табылады. Сондықтан да қос өзен аралығын мекендеген халықтың көпшілігін құраған түріктер бұл аймақты қарахандықтар жаулап алған кезде ғана пайда болған деу қате болар еді. Бұл ретте біз халық тарихы мен тілі көп жағдайларда оның атауынан әлдеқайда көп бұрын жасалынып белгілі болатынын естен шығармауымыз керек болады. Түрікстанда, оның ішінде Қос өзен аралығындағы жерлерде де түрік тілінде сөйлейтін тайпалардың (бір кездері түрік деп аталмаған болса да) б.д. VI ғ. дейінгі жүз жылдықтарда өмір сүргені белгілі. Мұндай әсерлесулерден тәжіктер де тыс қалмаған. Олар тек парсы тілдес көне бактриялықтар және соғдылықтардан ғана құралған деп ойлауға болмайды. Оңтүстік Тәжікстанда, А.Ю.Якубовский жазғандай, атам замандардан бері түріктердің қалың тобы тұрған. Ендеше, тәжіктердің де этногенетикалық құрылымының күрделі екендігі күмән туғызбайды.

Тарихтың белгілі бір кезеңінде күшейе түскен тайпалар немесе олардың жекеленген бөліктері басқа қатарлас және туыстас тайпалардан оза ілгері шыққанда тұтас бір ел аталған тайпалар және олардың көсемдері мен билеушілерінің атын алып аталып кете берген. Мысалы, Қазақстан территориясында да еңсесін көтере дәуірлеген ел әрі мемлекеттік бірліктер тарихтың әр кезеңінде Тұран, Түрікстан, Сақ, Қыпшақ және т.б. бірлестіктері, Қарахан мемлекеті сияқты боп аталғаны белгілі. Бұл мемлекеттік

бірлестіктердің субъектісі де сол жерлерді мекендеген тайпа-ұлыстар болған. Бұлардың бәрі осынау мемлекеттілік пен елдікті орнықтыруға қал-қадерінше үлес қосқан. Біз – сол тарих пен мемлекеттіліктің мұрагеріміз, заңды иесіміз. Тоқ етерін айтатын болсақ, тарихымыз арыға кете береді. Сондықтан XV ғ. орныққан қазақ хандығын ғана қанағат тұтып, тарихымызды XV ғасырдан қайтара салу тарихи жадсыздық болар еді.

Рас, қазақтың өз ерекшеліктері бар. Бұл – жалқылық. Сонымен бірге ол барлық түрікстандықтарға да тән болған ортақ қасиеттермен де ерекшеленеді. Бұл – жалпылық. Қазаққа мұның екеуі де жақын, ыстық, қажет. Бірақ қазақ келешекті көздейтін болса, үлкею мен ұлғаюды қажетсінетін болса Тұран-Түркістанмын деуі де керек шығар. Біз тек қана қазақпыз деп оңашалансақ, тарихи санамыз тайыздана түспесе, молаймайды. Онда біздің этникалық, саяси қалыптасуымыздың, әсіресе бастапқы кезеңдерінің қыр-сыры қалтарыста қала береді. Бұл, әсіресе, қазір керек. Кеше неге олай болғанын, бүгін неге бұлай болатынымызды да дәлелдеу үшін Түркістанның – өткеннің куәгерлігі керек. Сол бағзы Тұранның бүгінге дейін ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан жалғастығы керек.

Нақты қалыптасқан этностың өзіне қарағанда, сол халықтың аты бірсыпыра ерте немесе кеш шығатын, тіпті уақытша пайдаланылмай қалатын кездері тарихта аз емес. Мысалы, б.д. басындағы қытай деректерінде «қырғыз» деген терминді кездестіреміз, бірақ этнос ретінде қырғыздар деректерде б.д. I мыңжылдықтар ақырында ғана белгілі бола бастаған. Ұйғыр этнонимі XX ғ. дейін жақсы белгілі болған. Алайда, Орталық Азия тайпаларының соққысынан Ұйғыр мемлекеті құлағаннан кейінгі кезде бұл термин деректерде пайдаланылмайды. Соған қарамастан бұл этностың бұрын да болғанын, қазір де бар екеніне ешкім де күмәнданбайды.

Бұдан шығатын қорытынды мынау: негізінен мәндік жағынан алғанда әңгіме этнонимде емес, халықтың антропологиялық-генетикалық қорында да тұрған айтарлықтай ештеңе жоқ. Әңгіме – мәдениетте (және менталитетте). Мәдениет пен менталитет бар екен, нақты этнос та табиғатта болған, бар және тіршілігін жалғастыра береді деп айта аламыз.

«Тұран», «турлар» сөздерінің Иран сияқты көрнекті елдердің жазба деректерде сақталуының өзі Тұран тайпалары бірлестігінің жай ғана ру-тайпалық деңгейде өмір сүріп қана қоймай, олардың елдік, мемлекеттік дәрежеге көтеріліп, оны өзгелерге таныта қоңсы елдермен қарым-қатынас жасағанын да көрсетеді. Тұранда тек парсы тілді тайпалар ғана емес, түрік тілдес бірлестіктердің аралас, іргелес өмір сүруі басым болған. Қалай дегенде де «турлар» деген ұғым осы өлкенің барлық тұрғындарын, ру-тайпалары мен тайпалық бірлестіктерін қамтыған жиынтық атау түрінде бой көтерген. Ол – бірегей өлке, отан, ел атауы. Қала берді, біртұтас өркениетті бейнелейтін ұғым. Бұл жердегі әдіснамалық ұстаным мынаған саяды: этностар мен өркениеттердің өзін-өзі танып-білуі негізінен «біз» және «олар» оппозициясы арқылы жүзеге асырылып отырған. Б. Ф. Поршневтің айтқанындай, әр қандай

қарама-қарсы қою (әрине, психологиялық деңгейде және этникалық өздік санада) біріктіреді [17]. Тұтас халықтардың да, жекеленген адамдардың да өздерін қаласын-қаламасын төл этносымен тәндестіруінің жөні мен жолы осындай. Олар тіл мен діл, дін мен дәстүр, жалпыэтнонимдік атау мен этникалық өздік сана т.б. ерекшеліктердің негізінде топтаса өмір сүріп, бөлектеңіп отырған. Фукидидтің жазуынша, «Эллин» деген атау Эллин және оның ұлдарының Феотидегі күш-құдіреті асқаннан соң орныға бастаған. Бұл жөнінде ең алдымен Гомер куәлік береді. Ежелгі гректердің жалпы атауы ретіндегі «эллин» сөзі алғаш рет Гесиод пен Архилохтың шығармаларында тілге алынған деген пікір бар [18]. Ендеше, жалпыэллиндік сананың қалыптасуы үдерісі б.д.д. VII ғасырға тура келеді деуге негіз бар [18]. Ал, Гераклит пен Аристофан олармен бір тілде сөйлеспегендердің бәрін «варварлар» деп атаған екен [19]. Геродоттың да бұл реттегі пікірі осыған саяды [20]. Басқа авторлар бұл сөзді халықтардың әдет-ғұрпы, салт-санасы, тіпті киім киюі мен тамақтану ерекшеліктеріне байланысты қолданған. «Цзочжуань» жылнамасында және «Лицзи» атты конфуциандық трактатта «ся» тайпасы мен «варварлардың арасындағы тілдік және мәдениет айырмашылықтары сараланып көрсетілген [21]. Мәселен, Мэнцзы «Мен «ся» тайпасының варварларды өзгеріске ұшыратқанын естіген едім, бірақ варварлардың «сяны» өзгерте алғанын естіп-білген емеспін, деген екен [22]. Бұл артықшылықтарды көне заман авторлары табиғи-географиялық факторлармен түсіндіруге тырысқан. Мұны «орталық патшалықтар» және «чжун-гуо» терминдері айғақтайды: Чжун-го - бұл ғарыштық күштердің үйлесімі тапқан Аспан мен Жердің арасында ғарыштық күштердің үйлесімі тапқан Аспан мен Жердің арасында орналасқан деген түсінік сияқты. Мұндай қарама-қарсылықтың орын алуы этностық жалпы атаудың пайда болуымен тұспа-тұс келген. Ежелгі дәуірлерде Европа мен Азияда өмір сүрген осынау екі халық тарихының материалдарының негізінде жасалынған тұжырым-тезисті ежелгі Иран мен Тұран өркениеттеріне, сондай-ақ қазақ этносына да қолдануға әбден болады деп білеміз. Өйткені, әрбір қауым өзін басқаларға жұптық қарама-қарсы қою арқылы өзіне ғана тән ерекшеліктерді анық түйсіне алған және түйсіне алады.

Біз тақырып бағыттарының негіздемесін өркениеттік тұрғыдан анықтауға ден қойдық:

1. Ежелгі түркілер дәуірінде өмір сүрген тұрғындардың антропологиялық кескінін, ата-мекенін, тілдік ерекшеліктерін, мәдениетін, басқа этностармен өзара әсерлесуін тұтастай алып қарастырғанда Түрік өркениетті пішінді әлем айқындала бастағанын көреміз.

2. Түрік жұрты мен түріктерді басқалардан ажыратып, олардың біртұтас этникалық-өркениеттік бірлік ретінде көрінгендігін және кодын материалдық және рухани мәдениеттің мына түрлері – этностық өздік сананың маңызды элементі саналатын халықтың шығу тегі жөніндегі этногенетикалық аңыздарының болуы, өздерінің сенген құдайының культтері

және діни жөн-жоралғылары, киім-кешектері, азық-түліктері, тамақтануының және темірден жасалған сауытының ерекшелігі, ерекше жерлеу рәсімдері, некелік-отбасылық қатынастары, қорғандардан табылған 2500 жыл бұрынғы кілемдерде безендірілген ою-өрнектері, басқалай айрықша этно-сакральдық құндылықтары, қоғамдық-шаруашылық құрылымының кешеніне т.б. ие болуы, ақырында, олардың өмір сүрген табиғи-географиялық ареалы – растайды деген методологиялық ұстаным түрік атты этнос немесе суперэтностың табиғаты мен тарихын зерттеудің негіздерін құрайды.

3. Онда тарихи тағдыры жағынан туыстас иран-түрік тектес тайпалар қатар мекендеген, олардың жақындасып синтезденуінің нәтижесінде ежелгі Түрік өркениеттілігінің бой көтеруіне негіз қаланған.

4. Әсіресе, Түркістанды тек ежелгі дәуір атауы деп емес, сонымен қоса тарам-тарам жолы болған көп тайпа-ұлыстардың бастауы деп қараудың реті келгендей, алдағы уақытта оны ілгері – кейінде өткен тайпалардың этникалық өлшемі деп қарастырудың да жөні бар.

5. Ежелгі түркілердің тарихы және табиғатымен жақын таныстықты көрсететін дәстүрлер, діни нанымдар, топонимикалық атаулар, фольклорлық материалдар қазіргі қазақтар әлемінде молынан кездесіп отырады. Барша түркістандық ру-тайпалар, ұлыстар, олар мекен еткен жерлер, олар жасаған мәдениет, дәстүрлер, сөйлеген тілдері, олар иланған діндер, ұстанған этикалық қағидалар, өрбіткен ойлар, дүниетаным – бәрі қосылып Тұран-Түркістан әлемін құрайды, оның табиғаты мен болмысын тереңірек тануға бұлардың әр қайсысының да көмегі көп.

6. Тұран-Түркістан – барлық түрік тектес халықтардың, соның ішінде қазақтың да ата-мекені, Отан-Ордасы, бәріміздің басымызды біріктіретін ұран іспетті. Бұл қазіргі түрік халықтарының басын қосу бағытындағы іс-әрекеттерімізге сай келеді және сол түріктердің түпкі Отаны – Қара шаңырағы – Ежелгі мекені Орталық Азия, оның ішінде біздің қазақ жері екенін еске салады. Және де олардың ежелгі замандарда, М. Қашқари жазғандай, Рұм өлкесінен Жапарқаға дейінгі жерлерде мекендегендігін естен шығармайық. Түріктер достастығының аясын кеңейте түсуге бағыттайды. Тұран-Түркістан – тым арыдан, арғы заманнан келе жатқан әрі барша түрік ағайындар арасын қамтитын аса ауқымды да, кең ұғым.

7. Бұл тұжырымдама бойынша, ежелгі дәуірінде өмір сүрген тайпалардың бірегей өркениет өкілдері екені және кез келген өркениеттің әлеуметтік, мәдени- саяси құрылым ретінде өзіндік рухани, ел билеу, тіршілік ету, ел аралық байланыс ерекшеліктеріне ие екендігіне көз жеткіздік.

8. Зерттеушілердің деректік материалдарға негізделіп жасалған тұжырымдарға сенімділік арта түседі деген ұстанымы зерттеу барысында барынша ескерілді.

9. Көне Ирандық және Түркілік мәтіндер деген, олар – өркениеттің алақаны, алақандағы айнасы. Оларға қарап отырып ежелгі түріктер дәуіріне

бойлауға болады деп білеміз. Ол, ол ма, археология күллі Тұран ареалының мәдени біртұтастығын көрсетіп отыр.

10. Халық тарихы мен тілі көп жағдайда оның атауынан әлдеқайда көп бұрын жасалынып, белгілі болатынына, барша түріктер үшін Тұран-Түркістан атауының символдық маңызға ие екендігіне, олардың болмысында түріктік тектік сана мен өркениеттік ерекшеліктердің орнығып қалғандығына ден қойдық.

11. Өркениетке берілген анықтамаларды толығымен терістеу ниетіміз жоқ. Бірақ оны біз белгілі бір табиғи ойқуменде өмір сүретін бірнеше туыстас ру-тайпалар мен этникалық қауымдастықтарға, жалпы алғандағы халықтарға тән болған ортақ тарихи-рухани құндылықтар мен техникалық-шаруашылық факторлардың жиынтығы деп түсінеміз. Барлық өркениеттер халықтың тұтастығы сезімінің негізінде құрылған.

12. Тұран-Түркістан өркениетін дәйектеуде біз парсы және түркілік фольклорлық-аңыздық материалдарды да пайдалануымыз керек. Бастапқыда ежелгі адамдардың санасында мифологиялық және діни компоненттер басымдыққа ие болған. Аңыздық және діни мәтіндердің мазмұнында жалпылықтың аз емес екендігі белгілі, және бұл ұқсастықтың негіздерін тереңірек талдау керек. Айтқандай, түрлі тайпалардың мифологиясынан олардың пайда болуы, ерекшелігі және сонымен бірге олардың байырғы бірлігі жөніндегі жалпы идея көрінеді, олардың біртұтас тарихи тағдырлас және біртұтас елдік-өркениеттік, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерінің, эгоцентристік ұмтылыстарының, тайпалардың бірін-біріне қарама-қарсы қоюын көруге болады. Мұның өзі зерттеушілер тобын байсалдылықпен ізденістерге үндеп, Тұран өркениетін дәйектеуге мүмкіндік береді. Әрине, алыс замандарда өмір сүрген кез-келген тұлғаның уақыт өтісімен аңыздандырылып жіберетіндігі белгілі. Мәңгі тоқтамас уақыт тезі не нәрсе болмасын тоздырады, оздырады. Зерттеушілердің осы бағыттағы ізденісі тежелмеуі керек. Осы орайда біз олардың тарихи, этнографиялық, лингвистикалық т.б. деректермен расталынғандығын қалар едік. Бірақ та басқалай тарихи фактілердің бірсыпырасы субъективтік сипаттас емес деп кім айта алады? Тарихи факт – бұл оқиғаның өзі емес, оның тарихшының немесе жазушының (айтушының) басында бейнеленіп, содан соң ескерткіште (деректе) көрініс тапқан және тарихи білім жүйесінен орын алған көрінісі. Бұл бейнеленудің нәтижесінде болып өткен оқиғаның немесе үдерістің мазмұны ғана емес, сонымен бірге оны қабылдайтын адамның баға беруі де орын алады. Содан соң ғана барып тарихшы, яғни біздің замандасымыз, кәсіпқой зерттеуші тарихи деректі қарастырады. Тарихи факт субъективтендіріліп, бүгінгі күн тұрғысынан модернизацияландырылады (жаңартылады). Сонымен, тарихи өткен оқиғалардан қазіргі ұлттық-әлеуметтік мұраттарды, мақсаттарды, жолдарды және пікір-жорамалдардың дәйектелінуі іздестіріледі, солардың негізінде тіпті алдағы күндегі дамудың ықтималдық моделі ұсынылады. Олай болса, Түркістан өркениеті тарихының

сабақтары, әсіресе, Орталық Азия халықтарының бірігуіне үндеп, олардың одағының негізделуіне септеседі.

13. Философиялық және теориялық тұрғылар қай-қайсы тарихшының болмасын методологиялық ұстанымын анықтайды. Бұл тұрғыда глобалдық ғылыми революцияның үшінші толқыны жағдайында методологиялық плюрализм өзінің «азаматтық құқығын» алды деуге болады. Әңгіме күрделі, көп қырлы объект дәлірек, тереңірек және мазмұндырақ түрлі ғылыми бағыттар мен мектептер тұрғысынан бейнеленетіндігі туралы болып отыр. Ірі ғалым-психологтар әрбір адам (ғалым, саясаткер, азамат) өзінің шешімін қорғауда ерікті деп біледі. Зерттеушілердің деректік материалдарға негізделген тұжырымдарға сенім көбірек болады деген ұстанымы зерттеу барысында ескерілді. Бірақ, тарихи мәдениеті жоғары рецензенттер көптеген деректерде көрініс тапқан зерттеудің сондай күрделі объектісі түрлі құндылықтық, дүниетанымдық және методологиялық позицияларда тұрған ақындар, тарихшылар тарапынан қарастырылған бірдей тарихи фактілерге, әсіресе, Африка тұлғасы мен ежелгі сақтар немесе түркілер тарихына қатысты берілетін әр түрлі бағалауларды тудырмауы мүмкін емес екендігін түсінбеуі мүмкін емес.

14. Бұдан 40000 жыл бұрын соңғы палеолиттің кезеңі басталады. Ол замандағы адамның түркілер мекен еткен жерлердегі физикалық-психикалық типі қазіргі адамдікіндей. «Это были люди, - писал Л. Г. Олех, - обладавшие мыслительными способностями и своим физическим обликом принципиально не отличавшиеся от современного человека» [23]. Сібірден табылған статуэтканың жасы: 27000. Біз ежелгі Түрік өркениетін қарастырғанда көне адамдарға алғашқы жабайылар ретінде қараған және тарихнамалық дәстүрде бекіп қалған тұжырымның теріс екендігін ескеріп, Новосібірлік ғалым В. Е. Ларичев сияқты авторлардың ежелгі адам жоғары интеллектуалдық әлеуетке ие болған, оның айрықша, құрметке лайықты мәдениеті, «белгілік рәміздермен» жазылған тас «кітаптарының» болғандығын, палеолиттік сібір ескерткіштерінен нақты жер, күн, ай, планетарлық күнтізбелерді табуға қолдары жеткендігі жөніндегі дерек-тұжырымды басшылыққа алдық [24]. Мальтадан адамдардың бұдан 20 мың жыл бұрын өмір сүргендігін растайтын көне қоныстар мен баспаналар табылды, теріден жасалған киім киген әйелдердің скульптуралық бейнелері табылды. Л. Г. Олехтің сөзіне қарағанда, Европада мұндай статуэтканың әзірге табыла қойған жоқ. Ол кездегі Сібірдегі климаттың Европадағыдан түбегейлі айырмашылығы болмаған. Әйелдердің бұл бейнесі көркемдік ізденістерді ғана білдіріп қоймай, сол замандағы адамның рухани ізденістерін де сипаттайды, әлеуметтік тәртібін бейнелейді [23]. Мұның өзі ежелгі Тұран-Түркістан тұрғындарының өзіндік мәдениетінің болғандығы жөнінде сөз қозғауға мүмкіндік береді. Ал, И. Г. Гердердің бұл ретте мәдениетке тілді, ғылымды, дінді, өнерді, қолөнер кәсібін, мемлекетті жатқызғандығы белгілі. Және мәдениет – бұл адамдар тарапынан

қабылданған құндылықтар жүйесі. Ежелгі түркілердің де сан қырлы іс-әрекеттерінің тұрақты тәсілдері мен әдістері, әлеуметтік мұраттары болған.

15. Өркениеттер локалдық және глобалдық сипатта болыды. Философ О. Тоффлер адамзат тарихындағы аграрлық, индустриалдық және қазіргі-ақпараттық сияқты үш өркениеттік толқынды тілге алады. Ал, аймақтық (локалдық) өркениеттер – бұлар египет, рим, грек, европа және т.б. өркениеттері. Біз ежелгі түркілердің б.д.д. мыңжылдықтардағы тарихына қатысты «Тұран өркениеті» ұғымын қолдануды жөн көрдік. Өйткені, б.д.д. II-I мыңжылдықтарға жататын ежелгі парсы эпостары мен деректерінде эпоним және этноним ретіндегі Тур мен Тұран терминдері қатталған. Бұл терминдердің осынау мағынада қолданғандығын кейінгі ғасырлардағы жазба ескерткіштерден көруге болады. Әрине, бұл Аму-дариядан сонау Солтүстікке дейін созылып жатқан аса үлкен аймақтың барлық тұрғындарының жиынтық атауы болған. Сонымен, елдерге қарата, әсіресе, Тұран мен Түркістанға қатысты қолдану үшін «мәдениет» пен «өркениет» категориялары жарамды.

Тұран-Түркістан өркениетінің іргетасын, ядросын не құрайды? Тұлғалар мен халықтардың идентификациясы үшін дүниежүзілік діндердің пайдаланатындығын естен шығармауымыз керек. Ондағы үстем дін тәңіршілік пен ата-бабалар культі еді. Түркілерде өзімшілдік емес, алдағы дамудың таңдауы үшін жауапкерлікті анықтайтын басқа қалыптар-ұстанымдар мен «ортақ іс» менталитеті болған. Сондықтан да біздің еліміз өнеркәсіп пен шикізат қоқыстары тасталатын жері ғана емес, сонымен бірге гуманитарлық қалдықтардың, қоқым-соқым тастайтын жері болмауы үшін, барлық күш-қуатымызды елдің мәдени әлеуетін нығайтуға жұмсауымыз керек. Ауылды өркендетпей бұған қол жеткізу мүмкін емес. Әскери әлеует емес, мәдениет, нақ соның өзі, А. В. Соболев айтқандай, XXI ғасырдағы соғыстарда шешуші рөл атқаратын болады. Тұран өркениеті лайықты орынға ие болу үшін төзімділік, біздің елімізді мекендеген этностық топтардың барлық мәдениеттерінің мазмұнындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды тұтынуға деген ұмтылыс және табиғи-шикізаттық ресурстардың жабайылық және тағылықпен эксплуатация жасалуына тоқтам салу қажет. Тұран-Түркістанның түрлі аймақтарында жалпылық көп болған. Жалпылық Жердің түрлі аймақтарында мекендеген тайпалар арасында байланыстардың болғандығынан деп тұжыруға болады. Түріктер, арийлер және басқалардың өзара әсерлесуі механизмдерін зерттеу Тұран-Түркістан өркениетінің табиғаты мен генезисін түсіну үшін, түрік мәдениетінің қалыптасуы мен әрі қарай дамуын түсіну үшін пайдалы болуы мүмкін. Мұндай түсіну – Орталық Азия, Иран, Индия және Ресей халықтарының арасындағы қатынастардың дамуы стратегиясын, оңтайлы гео-саясатын дәйектеудің маңызды факторы болып табылады. Өйткені, еуразиялықтар мектебінің өкілдері великоросстардың болмыс-бойынан туран элементінің табылғандығы жөнінде ләм-мим демей, олардағы славяндық элементтің рөлін бөрттіріп көрсетуге ден қойған.

16. Ататегіміз, тарихымыз жөніндегі ақпараттар зиялыларымыздың еңбектері, шығармашылығы арқылы тау-тасқа таңбаланды, ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа берілуде. Баба буынның мәңгі тоқтамас уақыт мұхитына қосқан рухани кемелері рөлін солар атқарды. Жалпы қоғамды ілгерлететін тұлғалы адамдар десек, олардың өмірінің беймәлім тұстары, ой-толғаныстары, пікірлері туралы біліп отыру да аса маңызды, зор тағылым деп ойлаймыз. Тарихи үдерістер өздігінен өрбімейді. Олар жекеленген тұлғалардың іс-әрекетінде көрінісін тауып жатады. Сондықтан біз Түркі тарихын оның тұлғаларының өміріндегі қызықты да күрделі сәттерді көрсету арқылы да танып-білуге болады деп білеміз.

17. Этностық қауымның пайда болуы, дамуы және трансформацияға ұшырауы – адамзат қоғамының ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылатын жалпытарихи үдеріс. Ондаған мың жылдар бұрын басталған бұл процесс бүгінгі күні де жалғасуда. Бірақ та этностың дамуы жолындағы үздіксіз сабақтастықтың қамтамасыз етілуімен бір қатарда оның тарихының кейбір тұстарында аталмыш жалғастықтың тоқтап қалуы да мүмкін.

Бір этнос неліктен тасқындап өркендейді де, содан соң кенеттен дәл сондай қарқынмен регрессиялық жолға түседі, ал басқалар болса мыңдаған жылдар бедерінде өзінің шын мәніндегі қалпы мен мәнін өзгеріссіз сақтап қала алады? Этногенетикалық механизмнің сипаты қандай? Этностар бірдей мүмкіндік пен әлеуетке неліктен ие емес, ең алдымен этноэволюцияның негізгі қозғаушы күштері қандай деген сауалға жауап беруге тиістіміз. Содан кейін ғана барып этникалық процесстерді қарастыруға болады деп білеміз. Шынында да қоғам дамуының негізін оның әлеуметтік-экономикалық структурасы ма, әлде этникалық құрамы құрайды ма деген сауал күрделі және оған біржақты жауап беру оңайға түспесе керек. Мәселен, көбінесе бірыңғай әлеуметтік-саяси құрылымға ие, сонымен бірге түрлі этникалық құрамды мемлекеттердегі даму деңгейінің біркелкі емес екендігі белгілі. Бұл ретте этностар бифуркация (бір нәрсенің екі бөлікке ажыралуы) негізінде кенеттен жаңаша мәнге ие болып, революциялық жолмен қалыптасады немесе бір қалыпты эволюциялық дамудың нәтижесінде пайда болатын айырмашылықтардың біртіндеп жинақталуына орай бой көтеретінін айта кеткен жөн.

Әлеуметтік мектеп өкілдері этникалық идентификация маңызының артып баруын қазіргі уақытта Әлем бойынша экономикалық модельдер мен технологияның таралуына, еңбектің бөлінуіне байланысты артта қалған халықтар өкілдері реакциясының күшеюімен, сондай-ақ дүниежүзілік бәсекелестіктің нәтижесінде елдердегі ішкі этникалық өзара әрекеттесудің салдарымен, белгілі бір топтардың саяси және экономикалық өмірде белсенділік танытуымен түсіндіруге тырысады. Жалпы алғанда, адамның әрдайым өзін «біздің» бөлігі ретінде, оның этникалық топқа жататындығын түйсінуді қажетсінуі өмірде өзіне бір сүйенер сүйеніш іздеуімен анықталмайды ма? Шынында да құрылымы тұрақты болғандықтан, этнос

адам үшін сенімді топ болып есептелінеді. Этностың кейбір элементтері мен белгілері этностық қауымдастықтың пайда болуы мен дамуының қажетті шарты, этностың қалыптасуының объективті факторы ретінде қарастырылуы керек деген ой-пікірдің жаны бар. Мұндай факторға әлеуметтік-экономикалық құрылым, шаруашылық тип пен территория бірлігі жатады, дейді В. Ф. Генинг [25]. Ал, тар мағынада этникалық белгілерге нақты этностар арасындағы шын мәніндегі айырмашылықтарды бейнелейтін этностың өзіне ғана тән ерекшеліктерді жатқызуға болады.

Этнос терминінің мән-мағынасын түсінуде осы уақытқа дейін ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Алыс шетелдерде этностық қауымдастықты саясаткерлер мен зиялылардың белгілі бір мақсатқа қаратылған іс-қызметінің (бірыңғай мәдени қауымдастық шеңберінде әлеуметтік комфортты қамтамасыз етуді көздейтін) нәтижесінде пайда болатын әлеуметтік құрылым ретінде қарастыратындар бар. Нәтижесінде этнос – мәдени айырмашылықтар емес, этнос белгілері жөніндегі бірыңғай түсініктердің жиынтығы болып шығады. Әрине, этникалық айырмашылықтар (тіл, құндылықтар, ойлау мен жүріс-тұрыс қалыптары, тарихи жад, дін, туған жер туралы ұғымдар, ата-бабалар жөніндегі аңыздар, мінез-құлық, халықтық және кәсіпқойлық өнер т.б.) өмірде бар нәрсе.

Этнос құндылықтарының оның өкілдерінің тарапынан қабылдануының сипаты қалыптасқан тарихи ситуацияға, этностық топтасудың стадияларына, этносты қоршай өмір сүріп жатқан басқа этностардың әлеуетіне байланысты болады. Этностың тарихында кішігірім топ ретіндегі, тікелей туыстастықтың негізінде туындайтын табиғи бірлік ретіндегі отбасы өзіндік рөл ойнайды. Осыдан барып қарапайым санадан тектік бірлік ұғымы орын алып, ол алыс замандарға байланыстырыла қандық туыстастық ретінде түсініледі. Жалпы алғанда, этностың негізгі ерекшеліктеріне ойлау мен сезім қыртыстарының жүйесі және жүріс-тұрыс пен қимыл-қозғалстардың стереотиптері жатады. Әсіресе, мінез-құлықтың сипаты маңызды рөл атқарады. «Олар» және «біздер» оппозициясы алға тартылған мезетте бұлар көріне бастайды. С. А. Токарев айтқандай, этностың дамуы барысында оның кейбір белгілері алдыңғы орынға шығып, басқалары ысырылып қалуы мүмкін [26]. Мұнда этнос мүшелері-өкілдерінің этностық бітім-болмыс пен ерекшеліктерге деген ерекше ықыласы, етене жақындығы, әрине, біртұтас этностық-мәдени орта мен олардың бірге өмір сүруі арқылы қалыптасады да, бара-бара биологиялық - табиғи бейілділікке ұласады. Бұл ретте мұның гендік деңгейі тұрғысынан әңгімені өрбітуге болар еді. Сондықтан да этностың табиғи және тарихи сипаты жөнінде сөз қозғауға әбден болады деп білеміз. Яғни оны ішінара биоэволюцияның заңдылықтары негізінде де қарастыруға болады деген қорытындыға келеміз.

Этносты зерттеудің тағы бір ұстанымы – этностық қауымдастықты орнықтырудың басты шарты ретінде оның жақын шақтағы өткеніне ғана емес, сонымен бірге праэтностық тарихына қарайлауын көрсеткен болар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бллингброк Г. С. Письма об изучении и пользе истории. – М., 1978. – С. 11.
2. Гердер И. Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1978. – С. 9.
3. Еркін Әбіл, Тамара Әлібек, Аманжол Күзембайұлы. – Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. – Қостанай : ТОО «Центрум», 2009. – С. 59.
4. Вольные строки Г. Бельгера . // «Свобода слова». - 6 августа 2009 г.
5. Трейки Г. Цит. алынды : Методические проблемы истории. – Минск, 2006. С. – 199; Еркін Әбіл, Тамара Әлібек, Аманжол Күзембайұлы. - Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. – Қостанай : «Центрум», 2009. – 53 б.
6. Репина Л. П., Зверева В. В. История исторического знания.- М.: «Дрофа», 2006.
7. Теория и история историографии.- Спб.,1915.
8. Р. Дж. Коллингвуд. Идея истории: Автобиография.- М., 1980.- С. 235.
9. Лукан. Избранное.- М., 1962. - 418.
10. Медушевская О. С. Современное зарубежное источниковедение.- М., 1983.- С. 5,7.
11. Философия истории. Под.ред., А. С. Панарина. Учебное пособие... -М., 2001.- С. 172–173.
12. Иванов Г. М. Исторический источник и историческое познание (методологические аспекты). – Томск : - Изд. Томск. Университета, 1973.- С. 29.
13. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу).- Алматы : «Өнер», 2002.
14. Әбжанов Х.М. Қазақстан тарихын зерттеудің методологиялық ұстанымдары.//Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Мемлекет тарихы институты. Ғылыми бюллетень № 2. – Астана. - 2009.- 27- б.
15. Ибрагимов С. К. Еще раз о термине «казах». //Труды института истории, археологии, этнографии АН Казахской ССР.- т. 8.- А. - 1960; Семенов А. А. К вопросу о составе и этногенезе узбеков Шайбани хана. //Труды института истории, археологии, этнографии АН Таджикской ССР.- т. XII.- Сталинабад.- 1954.
16. Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. - М., 1965.- С.15–17.
17. Поршнев Б. Ф. Социальная психология и история.- М. : Наука, 1966. - С. 81, 95.
18. Ehrenberg V. Hellenes. The Oxford Classical Dictionary. Oxford, 1953, p.411. Цит.: М. Крюков. Эволюция этнического самосознания и проблема этногенеза: http://scepis.ru/Library/id_908.html. – С. 2.
19. Аристофан. Комедии, т. 2. М., 1954.- С. 17.
20. Геродот. История в девяти книгах, т. 1. М., 1888. – С. 203. Цит.: по М. Крюкову.- С. 5.
21. «Лицзы». Комментарии Е Шаоцзюня.- Шанхай, 1926.- С. 14-15. : Цит. По статье М. Крюкова. – С. 5.
22. The Chinese Classics. Vol. 2, p. 253. Цит. : по М. Крюкову... С. 7.
23. Олех Л.Г. История Сибири.- Ростов-на-Дону, Новосибирск: «Сибирское соглашение», 2005.- С. 36.
